



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

// I СӨТР 2021 ЖЫЛ

▶ ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЕЛІМІЗДЕ ШЫҒАТЫН АВТОКӨЛІК ШЕТЕЛГЕ САТЫЛЫП ЖАТЫР



Экономика баяулады. Бүкіл әлемде. БҰҰ-ның есебіне қарасақ, бір жылда әлем экономикасының өнімі 4,3%-ға азайған. Бір жыл болды, міне, әлемдегі карантин жандық экономикаға екпінін азайтты.

ТӘУЕКЕЛ ҚУАНТАЙ

Шикізатқа сұраныс төмендеп, Қазақстанның экспорты да біршама төмендеді. Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, 2019 жылы экспорт шамамен \$58 млрд болса, 2020 жылдың қорытындысы бойынша — \$47 млрд.

Дегенмен, машина жасау саласындағы отандық компаниялардың экспорты арттыруға шамасы жетті. Мысалы, ресми статистика бойынша, 2019 жылы біздің автоөндіріс шетелге \$56,2 млн-ға 2850 жетіл

көлік жіберсе, 2020 жылы экспорты \$130,74 млн-ға өсіріп, көлемін тиісінше 7 мыңнан асырыпты.

«ҚазАвтоӨндіріс» кәсіпорындары салалық одағының басқарма төрағасының орынбасары Артур Мисқариян жазакстандық көліктердің ішкі және сыртқы бағыттағы сатылымының өскенін атап айтты.

— Соңғы жылдары Қазақстанда жаңа автокөлік жақсы сатылып жатыр, бұл — жергілікті техникаға деген сұраныстың артуының арқасы. Былтыр нандемнің шығынына қарамастан автонарық 25%-ға өсті, 90 мың жаңа автомобиль сатылды, — дейді ол.

Сатып алушының 71,3%-ы өзімізде құрастырылған техниканы таңдапты.

— Біздің автоөндірішінің көрші елдерге автомобиль тасымалдау тәжірибесі 2017 жылы жолға қойылды. Отандық көліктің шет-

телде сұранысқа ие екенін көріп отырмыз. Әрине, өндірішінің басты міндеті — өзіміздің нарықта тұрақтап қалу, әсіресе, автопарктың жай-күйін ескергенде. Десе де, экспорт жаңа деңгейінің мүмкіндігін ашты, — дейді «ҚазАвтоӨндіріс» басшысының орынбасары.

Қазақстан автокөлігін экспортқа шығаруда Алматының Hyundai Trans Kazakhstan және Костанайдың «СарыарқаАвтоӨндіріс» кәсіпорының мойны озық тұр.

Hyundai Trans Kazakhstan — «Астана Моторс»-тың еншілес кәсіпорны. Компания сайттан да жаңа өндіріс — «қазақстандық нарыққа жаңа автомобиль ұсынамын және ТМД елдерінің экспорттан қамтуға мүмкіндік беретін стратегиялық объект» деп жазылыпты.

Зауыт былтыр ғана іске қосылған. 2019 жылдың 21-көкегінде іретасы қаланып, бір жылдан кейін — 2020

жылдың көкек айында алғашқы автомобилі конвейерден шықты. Биыл, міне, оған бір жыл толмақ.

Былтыр күзде, дөңкерлеу және бояу жұмыстарын қоса алғанда, ұсақ тарапты құрастыру желісі іске қосылды. Зауыттың қуаттылығы — бірінші кезеңде жылына 30 мың көлік, екінші кезеңде жылына 45 мың болды. Өнім қатарына Accent, Elantra, Sonata, Creta, Tucson және Santa Fe модельдерінің HYUNDAI автомобильі жатады.

Өндіріске салынған инвестицияның жалпы көлемі шамамен 28 млрд теңге болды, оның 30%-ы — «Астана Моторс» компаниясының қаражаты, ал 70%-ы — Қазақстанның Даму Банкі мен «ҚДБ-Лизинг» қарыз қаражаты. Болашақта көлік локализациясы 51%-дан асуы үшін автокомпонент зауыттың салу жоспарда бар екен.

▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
KEGC	31.03.21 17:30	1 677,11	+0,73	-0,02
GB_KZMS	31.03.21 17:30	4 940,00	+0,71	+1,96
KZTO	31.03.21 17:30	1 117,00	+0,63	+9,19
KCEL	31.03.21 17:30	2 398,00	+0,55	-3,24
KZTK	31.03.21 17:30	27 040,00	+0,52	+0,15
KASE Индексі	31.03.21 17:30	3 112,32	+0,42	+4,98

АҚША НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
TONIA	31.03.21 17:15	9,30	+0,87	-0,53
MM Index	31.03.21 17:52	9,28	+0,86	-0,51
TRION	31.03.21 16:58	9,34	+0,88	-0,49
SWAP-1D (USD)	31.03.21 17:55	8,52	+0,34	+0,42
TWINA	31.03.21 18:16	8,39	+0,16	+0,36
SWAP-2D (USD)	31.03.21 17:55	8,04	-0,08	-0,52

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
KAFlb10	31.03.21	12,00	-
BASPr5	31.03.21	9,25	-
KAFlb9	31.03.21	11,60	-
KFUSb11	31.03.21	10,35	-
MFQkb1	31.03.21	16,92	-
KFUSb10	31.03.21	10,30	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
NTK028_2710	31.03.21	8,77	-
KZ_06_4410	31.03.21	2,83	-
KZ_05_2410	31.03.21	1,60	-
OM_01_2908	31.03.21	5,27	-
MUM144_0001	30.03.21	9,25	-
MUM120_0011	30.03.21	9,25	-

> [3]

▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер	КASE	FTSE 100	CAC 40	S&P 500	Dow Jones	Nikkei 225	DAX	Nasdaq
31 Наурыз 2021	3 112,32	6 749,65	6 072,07	3 958,55	33 066,96	29 178,80	14 993,40	13 045,39
	0,42% ↑	-0,33% ↓	-0,26% ↓	-0,32% ↓	-0,31% ↓	-0,86% ↓	-0,10% ↓	-0,11% ↓

Тауарлар	Мұнай	Алтын	Платина	Палладий	Никель	Алюминий	Күміс
31 Наурыз 2021	63,72	1 688,10	1 183,10	2 616,50	16 082,50	2 220,75	24 087
	-0,70% ↓	0,12% ↑	1,94% ↑	1,85% ↑	1,16% ↑	-0,34% ↓	-0,21% ↓

Валюта нарықтары	USD/KZT	EUR/KZT	USD/RUB	USD/CAD	USD/JPY	EUR/USD	GBP/USD
31 Наурыз	425,705	499,395	75,2903	1,2586	110,78	1,1732	1,3774
	0,19% ↑	0,34% ↑	-0,74% ↓	-0,39% ↓	0,39% ↑	0,15% ↑	0,25% ↑

▶ ЕАЭО & ҚАЗАҚСТАН

Интеграцияның пайдасы неде?



Біздің елімізде соңғы кезеңде, әсіресе солтүстіктегі көршілес елде ультрауылтып пікірлердің белен алуы қоғамдық ахуалды ұшықтырып, достастық көңіл-күйге сызат салғаны дауыс. Ресей мен Қазақстан арасындағы, Еуразиялық экономикалық одақ тарапындағы ынтымақтасқа шүбә келтірген ғылымдар да бірінші бергені жасырын емес. Бұл ретте сауда және интеграция министрі Кәрім Сұлтановтың беделді алауеметтік желілерінің бірінде (facebook.com/bakhyt.sultanov) жарияланған пікірі бірталай сауалға жауап берді, сондай-ақ кез болып отырған экономикалық келергілерді жою әдістемесі де осы шолуымызда өңіме болады.

ІСАТЯ ҚАМБАРОВ

ИНТЕГРАЦИЯ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАЙЫҚ

Министрдің өз ой-пікірін нақ осылай төтесінен бастауы

тегін емес. Бұдан әрі ол: «Біздің елдің ЕАЭО мүшелігіне қатысты сандар, ең алдымен, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтағы жетекші

емес позициясына байланысты жиі айтыла бастады. Неліктен ЕАЭО болып жатқанын және ЕАЭО-ның Қазақстан үшін қаншалықты тиімді екенін түсіндіруге тырысамын», — дейді ол.

Министр пайымдауынша, «сауданы аймақтандырудың пайдальдығы — соңғы ғасырдың үрдісі емес, бұл — аксиома». Шын мәнінде, әлемнің әр аймағындағы сауда-саттықтың дәл қазір қалай өрбіп жатқанын көріп отырмыз және сол үшін қым-қуыт тартыс-талас жүріп жатқаныла ешкім үшін жасырын емес. Сол себепті де Б.Сұлтановтың «Қазіргі заманғы халықаралық экономикада желекелен елдердің нарықтары үшін емес, желекелен өндірік сауда бірлестіктерінің нарықтары үшін бәсекелестік күрес жүріп жатыр» деген пікірімен келіспесе шара жоқ. «Мен қызмет саласында әлеуетті инвесторлармен жиі кездесемін. Олардың көпшілігі өз бизнесінің табыстылығын Қазақстан нарығына бағдар ретінде емес, Ресейге экспорт әлеуеті тұрғысынан бағалайды.

> [4]

▶ ҚАРҚЫНДЫ ЭКОНОМИКА



Өндіріс өріс алған жер

Оқшаулау орталығы жұмысын бастады

Қазақстандық ауылдарушылық машиналарын жасау саласы үшін маңызды оқиға Костанай облысында аталып отты. Премьер-министр Асқар Маминнің қатысуымен елдегі алғашқы локализациялық орталық іске қосылды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Бірегей жоба өндірістік зауыттарды орналастыра отырып, құрамдас базалық өндіріс құру арқылы ел аумағындағы машина жасау жобаларының оқшаулануын арттыруды көздейді.

> [5]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

►Зан жобасы

Өнім қауіпсіздігіне – өткір назар



Мәжіліс депутаттары Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде талаптар белгіленбеген өнімнің ішкі айналысының тәртібі мен мұндай өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын белгілеу туралы заң жобасын мақұлдады.

Мәжіліс өкілдеріне заң жобасын таныстырған сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, құжат одақ аумағында айналыстағы барлық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағыт алады. Біріншіден, бұл одақ деңгейінде өнімге

қатысты міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірінші тізбесіне енгізілмеген өнімдер. Екіншіден, одақтың бірінші техникалық регламенттері қабылданбаған немесе күшіне енген өнімдер. Өнімнің бірінші тізбесі тұтыну және пайдалану кезінде қауіптілігі жоғары тәуекелдермен сипатталатын өнім түрлерін қамтиды. Министр бүгінгі таңда айналысқа шығарылатын өнімнің 85%-ы Еуразиялық экономикалық одақтың бірінші техникалық регламентімен реттелетінін айтады. Қалған 15%-ды осы ұсынылып отырған заң реттейтін болады. Тауарлар

номенклатурасына жасалған талдау бойынша, зергерлік бұйымдар, сағат, тұрмыстық шетке секілді әлеуетті қауіп төндірмейтін өнімдер бар. Ведомство басшысы қабылданғалы отырған келісім бизнес үшін әкімшілік кедергілер тудырмайтын атап өтті. «Өнім туралы мәліметтерді ақпараттық базада жинақтау көзделді. Олар тұтынушылар үшін қолжетімді және нарықтағы жағдайды зерттеу мақсатында пайдалануға ашық болады. Бұл жана өнім түрлерінің пайдалануына жедел ден қоюға және тұрақты мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді» – деді министр.

►Қазақстан және Еуроодақ

Энергетикалық ынтымақтастық жалғасады



Еліміздің энергетика министрі Нұрлан Нұғаев Еуроодақтың Қазақстандағы өкілдігін басшысы Свен-Олов Карлссонмен кездесуі өтті.

Тараптар энергетика саласындағы, оның ішінде Энергетикалық хартия

сы энергетика министрінің климат мәселелері бойынша «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» атты алдағы бірлескен конференция жұмысына қатысуға шақырды. Қазақстанда Eni, Shell, Total сияқты бірқатар еуропалық компаниялар ауқымды мұнай-газ жобаларында, атап айтқанда Солтүстік Каспий, Қарашығанақ және Донға жобаларында жұмыс істейді. Жыл сайын қазақстандық мұнай экспортының шамамен 80%-ы ЕО елдеріне жіберіледі. Сапар қорытындысы бойынша тараптар энергетика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыруға келісті.

►Таза табиғат

140 мың көшет отырғызылды

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев санитарлық тазарту және абаттандыру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Көктем келіп, өңірде санитарлық тазалау, абаттандыру мен қоғалдандыру жұмыстары басталып кетті. Өткен аптада облыс бойынша жаппай сенбілік ұйымдастырылып, өңірде мыңдаған тал-дарактар егілді. Мұндай жұмыстар жылуді түрде жүргізілуі тиіс. Осыған орай, облыс әкімдігінде аймақ басшысы Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен арнайы жиын өтіп, қала, аудан өкілдері мен басқарма басшыларына тиісті тапсырмалар берілді. Аймақ басшысы қысқа уақытта облыс бойын-



ша 140 мың түп тал көшеті отырғызылғанын тілге тиек етіп, оларды күтіп-бантау шараларымен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу және ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылығы барынша айна-

лысуы керектігін баса айтты. Оларға алдағы уақытта тал-дарактарды күтіп-бантау мен суаруға көңіл бөлу міндеттелді. Сондай-ақ өңір басшысы облыс орталығының айналасына жасыл желек құру бойынша жұмыстарды жүзеге асыруды жүктеді.

►ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ



Әртараптандырудың әлеуметтік маңызы зор

Үкіметтің кезекті отырысы көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысын талқылауға арналды. Бұдан бөлек, Солтүстік Қазақстан облысын әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары қаралды. Премьер-министр Асқар Мамин ағымдағы істерді о бағалап, өнімді жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Қазірде Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында егіс алаңдарын әртараптандыруға және рентабельділігі жоғары дақылдарды өндіруге мойын бұрылды. Атап өткенде, был ауыл шаруашылығы дақылдарын 2,8 млн гектар жерге егу жоспарланған, яғни, өткен жылға қарағанда 186,6 мың га немесе 0,8%-ға көп. Оның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 15,8 млн га алпаққа егілме. Майлы дақылдардың болжамды алаңы 3 млн га, бұл да өткен жылғы деңгейден 63,0 мың гектарға көп. Азықтық дақылдар 3,4 млн гектарды қамтиды. Көкөніс-бақша дақылдарының алаңы өткен жылдан 16,0 мың га асып, 280 мың гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы министрі С. Омаров 29 наурыздағы жағдай бойынша Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында жаздық масақты дәнді дақылдар, картоп, көкөніс егіліп жатқандығын айтты. Өңірлер әкімдіктерінің ақпары бойынша, қазір 2,4 млн тонна тұқым себілген, бұл жоспардың 100,2%-ын құрайды. Ағымдағы жылы тұқым шаруашылығын қолдауға 11,8 млрд теңге бөлінді, бұл минералды тынайықтандыру қолдануды 3,3%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ дикандаларға көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 117,6 мың тонна минералды тынайықтандыру жеткізілген. Билға пестицидтерді субсидиялауға облыстардың жергілікті бюджеттерінде 30,6 млрд теңге көзделген, бұл пестицидтерді сатып алуды 15,8% арттыруға және қолайлы фитосанитарлық жағдайды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Егіс науқанын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы құралдарында 141,7 мың трактор, 73,2 мың тұқымсеңкіш, 221,2 мың топқыр өңдеу құралы бар. Бір мезгілде бірнеше технологиялық операцияны орындайтын қазіргі заманғы егіс кешендері 4,3 мың бірлікке дейін ұлғайды. Бұған ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу кезіндегі мемлекеттік қолдаудың тиімді шаралары қосылған етті. «ҚазАгроКаржы» АҚ ақпараты бойынша был жыл басынан бері 24 млрд теңге сомасына 112 техника, оның ішінде 458 трактор, 28 комбайн және 626 өзге де техника қаржыландырылды. 29 наурыздағы жағдай бойынша көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы техникасының дайындығы –97%. Энергетика министрілігінің

келісімімен егіс жұмыстарын жүргізу үшін ақпан-маусым айларына шамамен 380 мың тонна дизель отыны бөлінді. Қазіргі уақытта облыстардың операторлары мұнай өңдеу зауыттарымен шарттар жасасу және дикандалар үшін дизель отынын тиіп-жөнелту рәсімдерін жүргізуде. Графиктің қолданылу кезінде Ауыл шаруашылығы министрілігі Энергетика министрілігімен бірлесіп өңірлерге мұнай өңдеу зауыттарынан дизель отынын тиіп-жөнелтуіне күн сайын мониторинг жүргізеді.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге шамамен 116,8 млрд теңге кредиттік ресурстар бөлінді, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ республикалық бюджеттен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге 70 млрд теңге көлемінде бюджеттік кредит бөлі. Бүгінгі күні «Кен дала» бағдарламасы шеңберінде 48,6 млрд теңге сомасына 1326 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылу сатысында. Сонымен қатар «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ кредиттер көлемі 6 млн теңгеден аспайтын көктемгі дала жұмыстарын жүргізуді қаржыландыратынын да атап өту қажет. Бүгінгі таңда 60-тан астам ұсақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге 370 млн теңгеден астам қаражат берілді. Сондай-ақ Азықтық келісімшарт корпорациясы ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алуды жүзеге асырады. Жоспарланып отырған сатып алу сомасы 45,3 млрд теңгені құрайды. Бүгінгі таңда 14,3 млрд теңгеге 74 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылды.

Был форвардтық сатып алу шеңберінде сатып алынатын өнімдер тізбесі ауыл шаруашылығы дақылдары 4-тен 9-ға дейін кеңейтілгенін атап өткен жөн. Мәселен, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру және азықтық базаны нығайту үшін бидаймен және арпамен бірге, қарақұмыққа, құнабағысқа және басқа да майлы дақылдарға келісімшарттар жасалды.

«Көктемгі егіс жұмыстарын сапалы әрі уақытлы жүргізу – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі. Былтыр пандемияға қарамастан егіс жұмыстары өте жоғары деңгейде жүргізілді. Агротехнологиялар дәл сақталып, тынайықтандыру мен өсімдіктерді қорғау құралдары уақытлы салынып, Бұл мол астық жинауға мүмкіндік берді. Былғы жылы Үкімет көктемгі егісті қаржылай және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шешімдерді қабылдады», – деді А.Мамин.

Премьер-министр Экология министрілігіне Ауыл шаруашылығы министрілігімен және әкімдіктермен бірлесіп, республиканың оңтүстік өңірлеріндегі ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді суармалы сумен, оның ішінде ұзақ мерзімді перспективада тұрақты қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Өңірлердің әкімдеріне ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін тізбелер мен субсидиялар нормаларын бекіту жұмысын бір апта ішінде аяқтау, Энергетика министрілігіне бекітілген кесте мен бағалар бойынша егіс жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын қажетті көлемін жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылды. «Ауыл шаруашылығы министрілігі облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, егіс алаңдарына жүргізіліп жатқан әртараптандыру шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азықтық тауарларын өндіру көлемін арттыруға ерекше назар аударсын», – деді А.Мамин.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары қабылданды. Өңірдің 2025 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын қарау барысында алдын ала бағалау шеңберінде өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өнімдері көлемін 1,5 есе ұлғайтуға, жалпы өнірілі өнімін өсу қарқынын 5,2%-ға дейін қамтамасыз етуге ықпал ететіні айтылды. Жоспар төрт негізгі бағытты – инвестициялық жобалар, тұрғын үй және инфрақұрылым, әлеуметтік сала, қоғамдық құқықтық тәртіпті және азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету бойынша 80-нен астам іс-шараны жүзеге асыруды қамтиды. Инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 2 трн теңгені құрайды, оның басым бөлігі жеке. Бұл жана жобаларды іске асыруға, сапалы жұмыс орындарын құруға және өңір экономикасының жаңа құрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жана осы нүктелерді пайдаланып, облыстың инфрақұрылымы жақсарды. «Өңір әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жана импульске ие болады. 26 мың біліктілігі жоғары жұмыс орны ашылады. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту өңірдегі көпшілік үрдістерін тұрақтандыруға мүмкіндік беріп, жастардың тұрақты мен мамандардың келуіне қосымша жағдай жасайды. Бұған білім беру мен денсаулық сақтау салаларын белсенді дамыту септігін тігезді», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Бетгі дайындаған –
Ботагөз ӘБДІРКЕЙҚЫЗЫ

БИЗНЕС&НАРЫҚ

▶ **ОТАНДЫҚ ӨНІМ**

Елімізде шығатын автокөлік шетелге сатылып жатыр

> [11]

Кәсіпорын ішкі және сыртқы нарықты толықтыруға арналған. Қазақстанның Даму Банкі Өзбекстанға Hyundai автомобилін жеткізу үшін Hyundai Trans Kazakhstan-ның экспорт алдындағы операциясын қаржыландырып, 36 айға 15 млрд тенгеге кредит желісі берілді. KazakhExport экспорттық сақтандыру компаниясы қарызды сақтандыруға 6,9 млрд тенге бөлген (KazakhExport – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ына еншілес, сауда және интеграция министрілігінің ведомстволық ұйымы).

Қазақстан үкіметі елімізде өндірілген автомобильді Өзбекстанға жеткізу уағдасына қол жеткізді. Биылдан бастап көрші мемлекетке Hyundai Accent автокөлігін шығару басталды. Кәсіпорынның қуаттылығы өскен сайын оны шетелге шығару тек өсе берді.

Тағы бір ірі экспортшы – Ресей, Беларусь, Өзбекстан және Тәжікстанға өнім жеткізу тәжірибесі бар «СарыарқаАвтоӨндіріс» компаниясы. Бұл – жеңіл автокөлікті ұсақ топты құрастыруға іске қосқан, еліміздегі алғашқы өндіріс. Қостанайда орналасқан осы зауыт Peugeot, JAC, Chevrolet, RAVON және UAZ брендіннің жеңіл автомобилін шығарады. 2020 жылдың қараша айында кәсіпорын көнвейерін жүз мыңыншы автомобиль шықты. Ол – JAC S3 кроссовері. Дәл осы көлікті «СарыарқаАвтоӨндіріс» 2017 жылы KazakhExport қолдауымен Душанбе таксомотор паркін жаратуға арнап Тәжікстанның астанасына жеткізе бастады.

Одан кейін автокөлікті Ресейге, Өзбекстанға экспорттау жобалары басталды. Билтыр Беларусь экспорттың жаңа бағытына айналды.



Биыл KazakhExport компаниясы экспорт келісімшартын орындау үшін «СарыарқаАвтоӨндіріс» кредиторлар алдындағы міндетін 10 млрд тенгеге сақтандырды.

– Біздің компанияның саланы экспорттаушы кәсіпорындарды қолдау үшін қабылдаған сақтандыру міндетінің көлемі 2017 жылдан бастап 62 млрд тенге болды, оның ішінде 2020–2021 жылдары отандық автоөндірушіні қолдау сомасы шамамен 24 млрд тенгеге жетті, – дейді KazakhExport басқарма төрағасы Руслан Ысқақов.

Оның айтуынша, отандық машина жасаушылардың экспортқа шығуға жететін үлкен әлеуеті бар және мемлекеттік даму институт-

тары оларға қаржылық-сақтандыру және басқа да қолдау көрсетуге дайын...

Десе де, отандық автоөндіріс саласында пұшайман болып отырған кәсіпорын да бар. Ол – әйгілі «Бипэк Авто» және «Азия Авто» компаниялары тобы.

Билығы 10-наурызда «Бипэк Авто» және «Азия Авто» (Оскемен) компаниялар тобының 2000-ға жуық қызметкері жұмыстан босатылды. Барлық қызметкер жаңа жұмыс орнына орналасады, деп уәде беріп отыр жергілікті билік.

Билтыр индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігі «Азия Авто» автожинау зауытын сотқа берген болатын. Сот «Азия Авто» және салынып жатқан «Азия Авто Қазақстан» толық іскрді

зауытын өнеркәсіптік міндетін орындамағаны үшін мемлекетке 174 млрд тенгеге қайтаруды міндеттеді. Қазір бірінші зауыт жұмыс істемейді, ал екіншісінің құрылысы тоқтап тұр.

«Азия Авто» компаниясының бас акционері Анатолий Балущкин өзінің үлесінің 10%-ын ресейлік «Энергохолд» компаниясына сатыпты. KASE деректері бойынша бұған дейін зауыт акциясын мыналар иеленген:

Анатолий Балущкин акцияның 74%-ын, Дәурен Жақсыбек акцияның 10%-ға жуығын, Ержан Мандиев пен Владимир Попов 5%-дан иеленген. Сонымен бірге Игорь Потапов (3%) және Ерік Сағымбаев (2,5%) та резидент болған екен.

▶ **ДЕНСАУЛЫҚ**

COVID-19: Үшінші толқын қаупі бар

Бүгінгі күні әлемге қауіп төндіріп тұрған коронавирус инфекциясының елімізде өршуіне жол бермеу мақсатында сақтық шаралары қайта күшейтілді. Көпшілік бас қосатын орындар бақылауға алынып, қалайылық қоғамдық көліктерінің қозғалысы белгіленген тәртіпке сай жүргізілуде.

ГҮЛМИРА МЕРАЛИНА

Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылы 27 наурыздағы №12 қаулысына сәйкес, эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанына үстіміздегі жылдың 12-ші сәуіріне дейін жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары және техникалық білім беру ұйымдарының студенттері үшін қашықтан оқыту форматы әрі қарай жалғастырылды. «ASHYQ» пилоттық жобасымен жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ХККО-ның, «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің уақыты шектеусіз және қоғамдық тамақтану орындарының 50%, бірақ 50 орыннан артық емес, үстелдің ара қашықтығы кемінде 2 метр болуы қатағаланып, Алматы қаласы Түрғын үй саясаты басқармасының қаладағы саябақтар мен көшелерге (орындар, банкоматтар, паркоматтар, төлем терминалдары) және шағын сәулет нысандарына профилактикалық дезинфекциялауды қамтамасыз етуі қолға алынды.

Қазіргі күні Алматы қаласы қызыл аймақта, КВИ бойынша эпидемиологиялық жағдай өте ишенденікпен күйіле қалып отыр. Қазақстан бір тәулікте мың жарымнан аса адам аталған індетті жұқтарса, алты жүзге жуық оңтүстік астананың енішінде. «Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің эпидемиологиялық жағдайына бері коронавирус инфекциясының 33012 жағдайы



тіркеліпті (100 мың тұрғынға шаққанда 1622,4). Соңғы 7 күнде сырқаттанушылықтың R-1,082 репродуктивтік сандық көрсеткіші 146,2 құрала. Қабылданған шектеу шараларына қарамастан, қазіргі уақытта вирустық инфекция жедел таралуда, – дейді Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің орынбасары Ә.Қалқыова.

Инфекция жұқтырған 14 жасқа дейінгі балалар арасында наурыздың алғашқы аптасында 0,7% болса, соңғы аптада 11,6%-ға артқан. Сонымен қатар, жасқа толмаған балалардың ішінде қауіпті аурудың слуден аса жағалай тіркелген.

Мамандардың сөзіне құлақ тіркілет, алматылықтардың басым бөлігі қоғамдық көліктерден, қоғамдық орындардан және отбасы мүшелерінен жұқтырумен қатар, ПТР тәсілі оң нәтиже көрсеткен азаматтар өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғандықтарында болып отырған күнделі. Ая шетелден келетін жолау-

шылардан COVID-19-дың анықталуы да ауру жұқтырғандардың өсуін жоғарылатуда.

Қазақтың үздіксіз медициналық білім беру университетінің профессоры С.Әмірееттің мәлімдеуінше, қазақстандық білікті мамандар осыдан бірнеше күн бұрын COVID-19-дың оң үлгілерін алып, зерттеу нәтижесінде британдық типтегі корона вирус инфекциясының жаңа нұсқасына жататын штамдарды анықтады. Табылған корона вирус штаммының ерекшеліктері – ол өте жұқпалы және тігізетін әсері аса ауыр екендігін айтуға. «Сондықтан да корона вирус инфекциясына қарсы еске дайындалған Мәскеудің Н.Ф. Гамалей атындағы ғылым-зерттеу орталығының «Спутник V» вакцинасы – 90 пайызға жуыққа жуық қарсы тұра алатын қасиетке ие, дәл қазіргі уақытта оған тең келетін вакцина болмай тұр», – дейді ол.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2021 жылғы 30

наурыздағы деректері бойынша «Британиялық штамм» SARS-CoV-2 125 елде, «Оңтүстік Африка» 75 елде, ал «Бразилиялық» 41 елде анықталған. Корона вирустың жаңа штамдары мен алғашқы штамның белгілері бірдей – дене температурасы көтеріледі, жөтел және адам дем мен иіс сезбейді.

Аталған індеттің таралуын тежейтін қарапайым бірінші тәсіл – қолды жиі жуу, жуылмаған қолмен аурау, ауыз және көзді ұстамау әрі ұқсалау. Адам түшкіріп немесе жөтеліп жатса қауіптілікті оған да алы ұстау, қол беріп амандасудан бас тарту, бөлмені желдету, беттердені дұрыс қолдану және жеке бастың гигиеналық талаптарын сақтап, адамдар көп жиналатын қоғамдық орындар мен отбасылық іс-шараларға бармау.

Эпидемиологтар коронавирус инфекциясының үшінші толқыны байқалғандығын, күн сайын қауіпті індетті жұқтырғандар мен өлім саны артып жатқандығын айтуға.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

The Economist

Алматы – ең арзан қалалар қатарында

Әйгілі The Economist басылымы әлемнің ең қымбат және ең арзан қалаларын атапты. Су және мәліметтер басылымының Economist Intelligence Unit бөлімінің әлем ауқымындағы рейтингтік қорытындысының Worldwide Cost of Living (WCOL) 2020 index аталатын жылдық деректерінде жарияланған.

Алдыңғы қатардағы үш қала да 103 балл индексін иеленіпті. Бұл ретте Гонконг билтырғы индекске де бірінші орында болса, Цюрих пен Париж төрт тұғырға жоғарылапты. Жаңа есептеме, 2020 жылдың басынан бері бүкіл әлем бойынша COVID-19 салдарынан шамамен 130 қалада өмір құны өзгергенін көрсетті.

Аталмыш есептемеге сәйкес, 1-орында – Цюрих, Париж, Гонконг; 2-орында – Сингапур, 3-орында – Тель-Авив пен Осака, 4-орында – Женева мен Нью-Йорк, 5-орында – Копенгаген мен Лос-Анджелес. Әлемнің ең арзан қалалары тізімінде: Дамаск, Ташкент, Лусака, Каракас және Алматы да бар.

euronews.

Еуропа елдеріне кіру ережелері күшейеді

Еуропа елдері коронавирус пандемиясына байланысты елге кіру ережелерін және шекарадағы бақылауды күшейтті, деп хабарлайды Euronews өз сайтында. Енді Франциядан Испанияға көлікпен кіру үшін коронавирус тестісінің теріс нәтижесін ұсыну қажет.

Айта кету қажет, Испания тұрғындары үшін корольлық аса маңызды емес сапарларға салығын уақытша тыйым 30 сәуірге дейін ұзартылып отыр. ГФР билігі Франциямен, Польшамен және Даниямен шекарадағы бақылауды күшейтуге ниетті. Бұған дейін бұл шекараларда қатан тексеріс режимі болмаған еді. Бұл қауіпсіздік шарасы енді Аустрияның желкеленген аймақтарына, атап айтқанда Тирольға қолданылмайды.

Италияға ЕО елдерінен келгендерде корона вирус тестісінің нәтижесі болуы керек, келгеннен кейін бес күндік карантинде болып, тестіні қайта тапсыруы тиіс. ЕО мен Шенген аймағына кірмейтін елдерден келгендердің барлығына екі апталық карантин қарастырылған. Елдегі туризмге, сондай-ақ ел ішіндегі тұрғындардың жүріп-тұруына қозғалысқа ресми түрде тыйым салынған.

Forbes

Astana Hub танымал IT компаниялармен толықты

Таяуда Forbes басылымы Astana Hub ақпараттық технологиялар стартаптарының халықаралық технопаркіне қатысушылар саны 406 IT-компанияларды құрағанын хабарлады. Технопарк құрамына кірген компаниялардың барлығы да салықтық артықшылықтарға ие болады.



Айта кету керек, технопарк қатысушылары арасында – 22-сі халықаралық IT-компаниялар. Олар – «Qosil Limited» (АҚШ), «Glovo Kazakhstan» (Испания), «OpenCTNet» (Эстония), Neutrino Ltd (Сингапур), т.б.

Осылардың арасындағы алғашқысы, атап айтқанда, «Qosil Limited» компаниясы менеджмент жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру үшін ақпараттық технологияларға негізделген қазақстандық холдингтердің бірмен келісімшарт жасасаң. Айта кетері, оның басшысы Хаким Фарук Хантер мырза, АҚШ аумағында, Атланта мен Джорджия штаттарында орналасқан «Genius Consulting Support Services» төрағасы да болып табылады. Ал «GeniusCo» мен «Qosil Limited» бірлесіп бүкіл әлем бойынша \$1,6 млрд-тан астам қаржыға бағаланатын жобаларды басқарады екен.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ АХКО

ТАРТЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ОРТА ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

АХКО мен РФА ӘӘХКИ Қазақстан мен Ресейде тартымды инвестициялық орта қалыптастыруға келісті.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы» әкімшілігі (АХКО) мен «Ресей ғылым академиясының Е.М.Примаков атындағы Әлемдік экономика мен халықаралық қатынастар ұлттық зерттеу институты» (РФА ӘӘХКИ) өзара түйсінікті туралы меморандумға қол қойды.

Тараптар келісімге сөйкес, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ғылыми-сараптамалық ақпарат құру мен оны тараптардың өзара жұмысындағы басты бағыттар бойынша пайдалану және ғылыми-сараптамалық білімді тарату бойынша бірлесу жөнінде шешім қабылдады. Құжат аясында тараптар әлемдік экономиканың мәселелерін зерттеу үшін ғылыми-сараптамалық ұжымдар мен жұмыс топтарын құрып, өзекті ұлттық тәжірибе жинақтауға ниетті.

Әлемдік қаржы нарығының дамуы мен ұлттық экономикалардың жұмыс істеуіне әлемдік процестердің ықпалы туралы ағарту бағдарламаларын іске асыру жоспарланған.

Ғылыми-сараптамалық ынтымақтастық әлемдік жаһандық процестерді ескере отырып Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында тартымды инвестициялық орта құруға атсалысуға бағытталады.

▶ БАЙКАУ

ҮЗДІК ЗАҢГЕРЛІК МЕКТЕПТЕР
АРАСЫНДА ТАНЫМАЛА

Халықаралық төрелік орталық IAC Online Central Asia Vis-Arbitration Moot 2021 студенттер байқауын қорығанды.

Уильям К. Вис атындағы Халықаралық коммерциялық төрелікті ұйымдастыру және ігерілету қауымдастығы ХТО өрістеді болды. IAC Online Central Asia Vis-Arbitration Moot 2021 Орталық Азия аумағында алғаш рет өткізіліп отыр.

Байқаудың мақсаты — халықаралық коммерциялық құқық пен төрелікті оны коммерциялық дауларды шешу үшін практикалық қолдану арқылы әзірлеу, сонымен қатар болашақ заңгерлерді төрелік практика өлестеріне оқыту. 28-ші байқау негізінен БҰҰ-ның тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы конвенциясын (CISG) қолдануға жататын тауарларды халықаралық сату нәтижесінде туындайтын келіспеушіліктерді зерделеуге бағытталған.

Студенттер байқауы АХКО соты мен ХТО-ның 2021 жылға арналған заңгерлік білім беру бағдарламасының шеңберінде ұйымдастырылды. 22 команданың барлығының дайындық деңгейі әлемдік стандартқа сөйкес болды. «Біз IAC Online Central Asia Vis-Arbitration Moot 2021 Қазақстанның, Орталық Азия өңірінің және бүкіл әлемнің үздік заңгерлік мектептері мен университеттері арасында соншалықты танымал болып шыққанына өте қуаныштымыз, — дейді АХКО соты және ХТО тіркеушісі және аппарат басшысы Кристофер Кэмпбелл-Холт. — Бұл біздің байқауымызға 17 елдің жетекші заңгерлік жоғары оқу орнына қатысты. Байқау заңгер студенттерге ХТО төрағасы Барбара Доманн, корольдік адвокат және ХТО төрелік командасы құрамының әлемдік деңгейдегі басқа да төреліктер алдында жазбаша және ауызша адвокаттық қызметті атқару бірегей мүмкіндігін ұсынады. ХТО Қазақстанда жас заңгерлерге өңірлік және жаһандық деңгейлерде қолдау көрсетуге, сонымен қатар Орталық Азияда коммерциялық дауларды шешу үшін үздік тандау ретінде дауларды бағалау бойынша әлемдік дәрежеде қызметтер ұсынуға ұмтылады».

Әлемнің 17 елінен 22 команда алдын ала раундтарға қатысқан жарыс АХКО сотында және ХТО-да істер тыңдау үшін пайдаланылатын ең жаңа бейнетехнологияларды қолданумен онлайн өткізіліп.

▶ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ПАЙДАЛАҢ

ALTYN BANK ӨТІНІМДЕР
КАБЫЛДАЙ БАСТАДЫ

Altyn Bank зейнетақы жинақтарын пайдалануға өтінімдер қабылдай бастады.

Арнайы шот ашу және зейнетақы жинақтарын пайдалануға өтінім беру Altyn-і ширфрық банкінде жүзеге асырылады. Біржолғы зейнетақы төлемдерін мақсатты пайдалану бойынша уәкілетті оператор болып табылатын Altyn Bank клиенттері БЖЗК-дағы жинақталған зейнетақы қаражатының бір бөлігін өзінің тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін келесі мақсаттарда пайдалана алады: бір келісімшарт аясында жылжымайтын мүлік сатып алуға және жондау жүргізуге; Altyn Bank-тен ипотекалық несиені алу үшін бастапқы жарияны төлеу; Altyn Bank-тегі ипотекалық несиені бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеу; басқа банктік ипотекалық несиені бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеу; басқа банктік ипотекалық несиені Altyn Bank-те қайта қаржыландыру.

Жаңа клиенттерге Altyn-і мобилді қолданбасына тіркелу қажет. Бұрынғы клиенттер басты беттегі «Қаржы» бөлімінде арнайы шот аша алады. Арнайы шотты ашқаны, оған қызмет көрсетілгені және операциялар жүргізілгені үшін комиссия алынбайды. «Біз ширфрық процесі банк бөлімшелеріне бармай-ақ қолдануға мүмкіндік жасауға тырыстық. Шот ашу және өтінім беру үшін клиент Altyn-і қосымшасында бірнеше қадамдар жасауы керек. Сондай-ақ біз таңдауға бірнеше ипотекалық кредит беру бағдарламаларын, оның ішінде мемлекеттік «Баспана ХИТ» және «7-20-25» бағдарламаларын ұсынамыз. Біздің мамандарымыз тиімді шарттарды таңдап, несиені барынша қысқа мерзімде рәсімдеуге көмектеседі», — деп атап өтті «Altyn Bank» АҚ сандық банк департаментінің директоры Динара Әбілқұлова.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ЕАЭО&ҚАЗАҚСТАН

Интеграцияның
пайдасы неде?

> [1]

Айтпақшы, біз өзіміздің тауар өткізу жүйемізде де ауыл шаруашылығы өнімдерінің ағынын Сібірге бағыттайтын боламыз, — деп жалғастырады одан әрі министр. — Тәжірибеде көрсетіп отырғандай, әр интеграциялық бірлестікте экономикалық көшбасшылар бар. Бірақ экономикасының қуаты аз елдердің пайдасы — олар күшті серіктестердің есебінен өз деңгейлерін көтереді.

Бақыт Сұлтанов Еуропалық одақты мысалға келтіреді. «Оның құрамына экономикалық даму деңгейі әртүрлі, мүлдем бір-біріне ұқсамайтын 27 мемлекет кіреді. Еуропалық одаққа барлық өзара сауданың төрттен бірін тек бір ел — Еуропалық одақтың көшбасшысы — Германия құрайды. Шығыс Еуропаның барлығы дерлік көшбасшыға тартылады. Соның ішінде бірлескен жобалар, ынтымақтастық, білім деңгейінің жоғарылауы, адамдар мен капиталдың еркін қозғалысы», — дейді ол.

Министр одан әрі: «Және мұндай «интеграция өзектері» — негізгі қозғаушы күш болып табылатын елдер әр бірлестікте бар. NAFTA-да бұл Америка Құрама Штаттары, өзара саудадағы үлесі шамамен 44%. Оңтүстік Африка Келен одағында (5 ел) және Оңтүстік Африка даму қауымдастығында (16 ел) Оңтүстік Африка жетекші рөлге ие — өзара сауданың 70%-дан астамы. MERCOSUR-да Бразилия (50%) және Аргентина (30%) бар. ASEAN-да (10 елде) бұл Синга-



саудадағы барлық көрсеткіштерді қулақтан) 25%-ға немесе 5,1-ден 6,4 млрд АҚШ долларына дейін өсті (Ресейге — 25%, Белоруссияға — 2 есе, Қырғызстанға — 20%, Арменияға — 6 есе).

Министр кемшіліктерді де жасырмайды: «Иә, көптеген кедергілер мен шектеулер бар — себебі, әр ел өз өндірістерінің мүдделерін қорғайды (Қазақстан да соның қатарында). Бірақ Еуразиялық одақ аясында бизнес пен түсетін, сауда кедергінің болуы туралы шығарымдары қарау мерзімдері үшін айты құрайды, ал

тұрақтылықты қамтамасыз ету іс жүзінде мүмкін емес. ЕАЭО-ның Қазақстан үшін маңызы даусыз. Ресей басты сауда орталығы болып қала беретін одақ ішінде теңгерімсіздік байқалғанымен, Қазақстан үшін өнім өткізу нарықтары кенешіле, кедендік төлемдермен шығындар қысқаруда, еркін сауда аймақтары шеңберінде елдердің нарықтарына көп жеткізу жөнделідей. Вьетнам, Сингапур, Сербия, Иран жекелеген Қазақстанмен, Ресеймен немесе басқа республикалармен емес, Еуразиялық одақпен «дос»

одақтың — ред.) экономикалық та, экономикалық емес те пайдасы басым», — деп түйіндейді Сауда және интеграция министрі Б.Сұлтанов.

КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ
ӘДІСТЕМЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

2021 жылғы 10 наурызда Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді тосқауылдарға бөлу, алып қоюдың және шектеудің және тосқауылдарды жойылған деп танудың жаңа Әдістемесі күшіне енді, деп хабарлайды ҚР Сауда және интеграция министрінің баспасөз қызметі.

Әдістемесімен басқа мүше мемлекеттердің нарықтарына қол жеткізу проблемалары туралы мүше мемлекеттердің өтініштерін қарау процесі және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының іс-қимылдарын кедергілер немесе шектеулер деп тану туралы шешімдер қабылдау алгоритмі егжей-тегжейлі сипатталған.

Сонымен қатар, әдістеме өзара саудадағы кедергілерді жіктеуді көздейді. Тағы бір әдістемесінде кедергілерді жою үшін мүше мемлекет қабылдаған шаралардың жеткіліктілік тексеруін қосымша кезеңі түрінде жойылған деп танудың белгілі бір рәсімдері көзделді.

Естеріңізге сала кетейік, аталған құжатты қабылдауға қазақстандық тарап бастамашы болды. «Әдістеме мүше мемлекеттердің нарықтарына қол жеткізу проблемаларын кедергілер ретінде жіктеуге мүмкіндік береді және өтініштерді қарау мерзімдерін катан регламенттейді.

Қазақстандық тарап кедергілерді жою процесін нақты регламенттеу және қарау мерзімдерін барынша қысқарту мақсатты туралы ұстанымын бірнеше рет білдірді. Біз әріптестерімізді осы құжатты қалыптастыру кезінде қағидақты түрде жаңа тәсілдерді ескеруге көңілде алдық.

— әрбір кезең аясында бойынша барлық іс-әрекеттер мерзімдері регламенттелген және қысқартылған, Бұл өз кезегінде жекелеген жағдайларды қарауды кешіктіру мүмкіндігін болдырмайды;

— келіп түскен өтініштер бойынша ақпараттық ресурстарды қарастырылған;

— кедергілерді жойылған деп тану тәртібі қарастырылған — бұл оларды толық жоюға ықпал етеді. Жаңа Әдістемесіні қабылдау ЕАЭО кеністігінде бизнес-қоғамдастықтың қызметін жеңілдету бойынша да, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер азаматтарының мүдделерін қорғау бойынша да жұмысты жүйелі және ашық жүргізуге мүмкіндік береді», деп Сауда және интеграция вице-министрі Жанель Қушукова атап өтті, делінген ведомство баспасөз қызметінің хабарламасында.



пур, өзара саудадағы үлесі 30%-дан асады», — деп атап көрсетеді.

Б.Сұлтановтың пайымдауына, «ЕАЭО интеграциялық бірлестігі жағдайында мұндай «интеграцияның өзегі» тарихи тұрғыдан Ресей болып табылады. Оған жалпы өңірлік ішкі өнімнің, мұнай мен газ өндірудің, тауарлар мен қызметтің қызметтердің жиынтық экспортының негізгі үлесі тиесілі».

ЕАЭО-НЫҢ
БІЗҮШІН
МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Бұл сауалға министр былайша жауап береді: «5 жыл ішінде бірыңғай экономикалық кеңістікте тауарлардың, қызметтердің, жұмыс күшінің және капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ететін ұлттық заңнамасының қомақты массиві құрылды. Бұл ретте барлық шешімдер консенсуспен қабылданды — әрбір мүше мемлекет оның ЖІӨ-не, қаржы жарналарының мөлшеріне немесе халық санына қарамастан тең дауысқа ие болады».

Б.Сұлтанов келтірген деректерге сөйкес, біздің экспорт (шикізаттық емес материалдарды қоса) ЕАЭО мүше-мемлекеттеріне 2015-2019 жж (өткен жылғы

Дүниежүзілік сауда ұйымында (ЕАЭО болмағанда, біз сол Ресеймен және Қырғызстанмен дауларда өз мүдделерімізді қорғайтын едік) мұндай талап қою екі-үш жылға созылуы мүмкін».

болғысы келді. Қазір Еуразиялық одақта өнеркәсіптік кооперацияға бас назар аударылып, кейіннен бірлескен өнім үшінші елдерге шығарылады. Бұл бізге экономикамызды «жарқылдатуда»



«Рас, экономикалық интеграцияның салдары әрдайым бірдей бола бермейді. Экономикамыз «көп сатылатын» секторларының кенешіле және басқалардың қысқарту сөзсіз. Интеграция сөзсіз инвестициялық ағындарға, Экономикалық қызмет пен кірістерді бөлуге әсер етеді. Бірақ өңірлік бірлестіктерге қатысып, Біртұтас экономикалық осу мен өңірлік

көмектеседі және қалған сенімсіздік дәрежесін төмендетеді», — деп ашығын айтып қазақстандық министрі.

«Иә, ЕАЭО-дағы ынтымақтастықтың өзара тиімділігін күшейтеу мәселелері әлі де көп, бірлестікке жекелеген қатысушылардың санкциялық қысымына байланысты саудада кедергілер мен қиындықтар бар. Дегенмен, (бұл

БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП

ҚАРҚЫНДЫ ЭКОНОМИКА

Өндіріс өріс алған жер

Оқшаулау орталығы жұмысын бастады

> [1]

Осылайша, елдегі өндіріс локализациясы әмбебап цехтармен, заманауи жабдықтармен, оқу орталығымен және жатақханамен қамтылып, кәсіпорын жұмысшылары үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға, отандық өндірісті жана деңгейге көтеруге ықпал етеді. Оқшаулау орталығының тиімділігі мен пайдасы сол, ол тұтынушылар үшін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және жоғары сапалы жабдық өндіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ заңды қызметкерлеріне ыңғайлы жұмыс істеуге барлық жағдайлар ұсынылады. Мыназдысы, уақыт өте келе жоба импорттан үрейленіше аралуға көмектеседі. «АгромашХолдинг» АҚ оқшаулау орталығы ел аумағында шығарылатын ауыл шаруашылығы техникасындағы қазақстандық қамту деңгейін есептеу артыруға бағытталған. Ондағы 36 мың шаршы метр металл және металды лазермен кесуге, майыстыруға, сырлауға және дөңкерлеуге, пластик бұйымдарын, интерьер бөлшектерін, термошоқсаулағышты өндіруге, конвейерлік құрыстарға және басқа да жұмыстарға арналған автоматтандырылған желілер орнатылған. Бұл жабдықтар Өнеркәсіпті дамыту қорының қаржы құралдары арқылы сатылып алынды.

Жақында оқшаулау орталығында ауыл шаруашылығы техникасына арналған компоненттердің 1200-ден астам атауы, сондай-ақ Кировец, Essil, Lovol, Pottinger, Deutz-Fahr, JAC, Chevrolet брендтерінің және тағы басқа автомобиль өнеркәсібінің атаулары шығарылатын болады. Ең жана, заманауи жабдықтар, оның ішінде



металл бөлшектерін ұнтақпен бояуға арналған италиялық желі жұмыс істейтін зауыттың толық қуаттылығы – жылына 1200 комбайн жиынтығы. Бұдан басқа, дайындау учаскесінде сағатына 750 кг металлпрокат немесе ауысымына 2 комбайн жинала алады, бұл жылына 1000 жиынтықты құрайды. Өндірістік қуаттардың жалпы ауданы 36 мың шаршы метрден асады. Жоба ауылшаруашылық машиналары өнеркәсібінің өнімді оқшаулауға деген қажеттіліктерін толығымен жабады – бұл пластикалық бөлшектер, кабиналар, тайлағыш жинағыштар, сепкіштер, тораптар. Орталық кенсе бөлмелерімен, 100 орындық жатақханамен және мамандардың біліктілігін ұдайы арттыру, заман ағымына қарай ілгерілеуіне мүмкіндік беретін оқу

орталығымен жабдықталды. Компанияда атап өткендей, қызметкерлерге жайлы жағдай жасау мен олардың біліктілігін көтеру – «Агромаш» үшін басым бағыт саналады. Жобаның техникалық басшысы Владимир Воловоденко атап өткендей, бүгінде энергия үнемдеу, техникалық қызмет көрсету шығындарын азайту – заманауи жабдықтың маңызды факторы. Сонымен қатар бұл өндіріс өнімнің өзіндік құнына да әсер етеді. Сонымен, «АгромашХолдинг КЗ» қазіргін өзінде Pottinger, Deutz-Fahr, PKF Luidor, Костанай трактор зауыты сияқты өлеге танымал компаниялармен бірлескен жұмысты бастады, сондай-ақ өз өнімдерін: Lovol тракторлары мен Essil комбайндарын оқшаулау деңгейін жоғарылатады. «Біздің жоспарларымыз тек ірі торап-

құрастырумен айналысқан емес. Осыған байланысты, біріншіден, өндірісті кеңейту, екіншіден, оқшаулауды тереңдету керек екенін түсінеміз», – деді «АгромашХолдинг КЗ» АҚ вице-президенті Динара Шүкжанова. – Локализациялық орталықтың ашылуымен біздің қызметтеріміздің тізбесі де қарқынды өсе бастайды. Біз ортақ күш-жігермен ауылшаруашылық техникасының отандық өндірісін түбегейлі өзгертетін болашақ құрға ұмтыламыз». Сонымен қатар, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін оқшаулауды арттыру мәселелері Үкімет басшысы Аскар Маминнің «Петербург трактор зауыты» АҚ, Беларусь «Гомсельмаш» ААК және италиялық «SDF Group» басшыларымен кездесуінде қарастырылды.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

► ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАР БЕДЕУІ ҚҰРЫЛАМҚ

Индустриялық орталықтар айналасында шағын және орта кәсіпорындар бедеуі құрылды.

Бұл туралы үкімет отырысында өңдеу өнеркәсібінің жай-күйі туралы баяндаған индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов айтты. «Түсті металлургияда 2021 жылға жоспарлы көрсеткіш – 104,5 пайыз. Мырши өндіру көлемі 18,6, қорғасын 18,8, мыс концентраты 9, алюминий 6 пайыз ұлғайтады. Bloomberg болжамына қарасақ, қысқа мерзімді перспективада түсті металдардың барлық түрі бойынша баға көтерілуі тиіс. Осыған байланысты номиналды мәнде түсті металлургия өндірісінің өсімі 13 пайыз деңгейінде болжанып отыр. Бұл өндірістің жоспарланған көлемін қамтамасыз етеді», – деді ол.

Министрдің айтуынша, Жәйрем кен байыту кәсіпорны, Қазминерас Ақтоғай-2 және Сәтбаев тау-кен байыту кәсіпорны, сондай-ақ алтын фабрикалары қосымша өндіріс көлемін беретін болады. «Ірі тау-кен металлургия кәсіпорындарының сұранысына байланысты кластерлік тәсілмен индустриялық орталықтар айналасында шағын және орта кәсіпорындар бедеуін құру жұмысы жүргізіледі. 2025 жылға дейін Алматы облысында Қорғас мыс кен орнын игеру жобасы іске асырылады және қуаты 250 мың тонна бастапқы алюминий болатын Навалдор қаласындағы «Қазақстандық электролиз зауытының» екінші кезегі салынады», – деді ол.

► ИНВЕСТИЦИЯ

СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ

Түркістан облысында бытыр 729,7 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімді өндіріледі.

Бұл көрсеткіш бойынша облыс елімізде үшінші орыннан көрінді. Негізгі капиталға 58 млрд теңге инвестициялар тартылды, 13%-ға артық. Республикаға үлесі – 10,1%-ды құрады. Өнділетін өнім экспорттың көлемі 105,1 млн АҚШ долларына жетіп, 47,6%-ға арты. Оның ішінде ірі қара мал етін экспорттау жөнінен облыс еліміз бойынша 1-ші орында тұр. Бұл туралы жыл қорытындысына арналған облыс әкімінің есепті кездесуінде айтылды. 848 мың гектарға жуық алпаққа ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, егістік көлемі 19 мың гектарға арты. Мал мен құс басы және өнімділік орташа 6-7%-ға ұлғайды. Нәтижесінде жыл қорытындысымен ауыл шаруашылығы саласында бір жұмысшыға шаққандағы еңбек өнімділігі 2 млн 429,4 мың теңгені құрап, 17%-ға арты. «Агроөнеркәсіп кешені әлеуетін одан әрі дамыту үшін негізгі үш бағытта жұмыстар атқарудамыз. Бірінші бағыт бойынша қала аумағында азық-түлік бедеуін қалыптастыру аясында құны 46,7 млрд теңге құрайтын 6 серпінді инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Кентау қаласы «Шаға» ауылдық округінде 29 бірлік АҚШ, Австралия технологияларымен 1 355 га жерге жанырлатып суғару машинасы орнатылды. Жалпы 11 мың гектар алпаққа осы технологияны ендіру көзделуде. Сондай-ақ құны 15 млрд теңге құрайтын «50 га заманауи жылжымай кешенін құру» жобасы үшін әуежай бағытынан 86 га жер телімі бөлінді. Екінші бағыт бойынша «Бір алпақтан жылына 2-3 өнім алу» жобасы қолға алынып, биыл 5,2 мың гектардан 262,5 мың тонна өнім алынды. Ал, үшінші бағыт бойынша үйірелік жерлерді игеру қолға алынды. Нәтижесінде 286 жоба жүзеге асырылды, оның ішінде «Еңбек» бағдарламасымен 105 жоба қаржыландырылды», – деді Әмірзақ Шөкеев.

Сонымен қатар «Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспары» аясында ағын су ташпалығын шешу мақсатында ірі су нысандары құрылыстары жүргізілуде.

► ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

САПААЫ АУЫЗ СУ ҮЗДІКСІЗ ЖЕТКІЗІЛЕМ

Алматы облысында «Жұмыспен қамудың жол картасы» бағдарламасы аясында Есік топтық су тартқышы салынып жатыр.

Есік топтық су тартқышының іске қосу жалпы саны 105,2 мың тұрғыны бар 9 елді мекенді сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік маңызы бар бұл жоба «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуда. Жобаның орындауы туралы облыс әкімі Аманжол Баталовтың Еңбекшіқазақ және Талғар аудандарына барған сапарында айтылды, деп хабарлады Алматы облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Сарыарқа облысында басшысы ең алдымен Есік топтық су тартқышы құрылысының барысымен танысты. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Төнекевтың айтуынша, жобаның жалпы құны 4,4 млрд теңгені құрайды. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде 9 елді мекенді, атап айтқанда Есік қаласына, Бөлек, Өзімен, Қызылжар, Қарасай, Қайнаржар, Көкөтеу, Рахат, Өңіртас ауылдарын сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкін болады. Жобда қуаты тәулігіне 30 936 текше метр болатын суағу станциясының, көлемі 1400 текше метрлік 2 резервуардың, ұзындығы 40,2 км су тартқыштың құрылысы қарастырылған. Бүгінде негізгі жұмыстардың 60 пайызы атқарылған нысан құрылысы 2022 жылдың мамырында аяқталып деп жоспарланған.

Рытбай САҒЫНБЕКОВА

► ИНДУСТРИАЛЫҚ АЙМАҚ

Кәсіпорындар қатары ұлғаяуда


Еуразиялық металлургия зауыты іске қосылды

Жедел өсу мен өртарапандырудың, импортты алмастыру мен ішкі нарықты толықтырудың, жұмыспен қамту мен әлеуметтік жағдайды жақсартудың бір тетігі ретінде арнайы өндірістік аймақтар қызметіне маңыз беріледі. Бұл тұрғыда Алматының индустриалық аймағының резидент компаниялары өңір экономикасын дамытуға елеулі үлес қосуда.

БОТАӨГӨЗ ӘБДІРЖЫҚЫЗ

Ағымдағы және алдағы жылдары қаланың индустриалық аймағында 5 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 119,7 миллиард теңгенің 35 жобасын, оның ішінде 15 экспортқа бағытталған кәсіпорындар іске қосу жоспарланған. Ол үшін қазір бұл жерлерде жобалау, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ биыл аумақта 5 индустриалды парк салынып, қайта құрылмақ. Өндіріс орындарының жалпы ауданы шамамен 35 мың м2 құрайды. Осы парктардың әлеуетті қатысушылары 700-ден астам жұмыс орнын ашуға ниетті. Онім құрылыс, жиһаз, жеңіл және тағам түрінде ұсынылатын болады.

Карағандық қиындықтарды еснере отырып, индустриалық аймақ жыл басынан бері жана өндірістер ашылуы жағдайларын жатыр. Солардың бірі – мыс пен алюминийі соза сым шығаратын зауыт жалпы құны 12 млрд теңгеге бой көтерді. Еуразиялық энергетикалық комбинат құрамына кіретін жетудің бірі – Еуразиялық металлургия зауыты бұл аймақта нөдден салынған инновациялық кәсіпорын. Өнімдер қабельдік өнеркәсіпте және экономиканың өңдеу секторында отандық қамту үлесін 100%-ға дейін арттыруға бағытталған. Экспорттық бағыт 60%-дан жоғары. Қосымша 80 жұмыс орнын қамтамасыз еткен кәсіпорында өндіріс көлемі жылна 25 000 тоннадан асады. Жоба Қазақстанның Ресейге, Қытайға, Парсы шынағаны елдеріне және ЕАЭО-ға экспорттың елеулі үлесі бар инновациялық өнімдерге қажеттілігін жабады.



Еуразиялық энергокомбинат бірнеше өндірісті қамтиды. Бірінші кезеңде, 2018 жылы инвестициялық компания өндіріс қуаттылығы жылына 100 000 км-ден астам «Евраз-кабель» кабельді-өткізгіш өнімдерін шығаратын зауытты іске қосты, 100-ден астам жұмыс орны құрылды. Осындай инновациялық кәсіпорындарға еліміздің қажеттілігі өте жоғары. Өйткені, шикізат базасы бай, географиялық жағдайы жоғары, инвестициялық саясаты белсенді. Бірақ, бұл ретте өңдеу өнеркәсібінің төмен үлесі сақталуда. 2018 жылы электротехникалық өнімнің импорттықна байланысты республиканың шығыны 2 млрд доллардан асты. «КМК Investment» ЖШС бас директорының орынбасары Андрей Приходько: «КМК Investment инвестициялық компаниясының жоспары бойынша жыл сайын комбинат аумағында өңдеу өнеркәсібіне бірегей өндірістерді іске қосу ішкі нарықты дайн жоғары сапалы өніммен 100%-ға қамтамасыз ете

алады. 2022 жылға қарай қазақстандық қамту үлесі әрбір шығарылатын өнімде 98-100%-ды құрайды», – деп атап өтеді. Сонымен қатар, кейінгі жылдары инвестициялық компания Алматы индустриалық аймағында полиэтилендер мен пропиллендер, кориталардан жасалған аса жеңіл кабельдік науалар өндірісін іске қосуды, сондай-ақ инновациялық әзірлемелер саласындағы ғылым-зерттеу институтын ашыды жоспарлап отыр.

Қаланың индустриалық аймағында биыл іске қосылған тағы бір маңызды өндіріс нысаны – заманауи фармацевтикалық зауыт жылына 25 млн дана өнім өндіру қуаттылығын медициналық бұйымдардың 27 түрін шығарады. Компанияда 37 адам жұмыс істесе, ағымдағы жылы қосымша 15 жұмыс орнын құру жоспарлануда. Бұл кәсіпорын да импортты алмастыруға бағыт алған, халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сай келеді және экологиялық таза, қолжетімді өніммен қамтамасыз етеді. «Алмерек» ЖШС фармацевтикалық компаниясы Қазақстан нарығында 2003 жылдан бастап жұмыс істейді. Компания 2011 жылға дейін ірі ресейлік дәрі өндірушілердің ресми өкілі бола отырып, өз өнімдерін қазақстандық фармацевтикалық нарыққа жеткізіп берді. Бүгінде компанияның негізгі серіктестері – СК-Фармация, мемлекеттік және жеке медициналық мекемелер. Экспорттық жеткізімдер уақытша тоқтатылған, десе де, болашақта оларды ЕАЭО елдеріне қайта бастау көзделуде. Оған қоса, компания өндірілетін өнім түрлерін жалпы көлемі жылына 60 миллион данаға дейін, 116 түрге кеңейтпек. Ол үшін өндіріс тігіс материалы, гематологиялық және биохимиялық реактивтер, биофлюидтерді жинауға арналған контейнерлер және басқа да жана құралдармен жабдықталатын болады.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ад-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Мемлекетті басқарудың жаңа моделін жедел енгізу қажет

Әлқисса, сағым ойынаған құба даладағы көруендей созылған қазақ көші бүгінгінің белесіне көтеріле бере қантарылғандай күй кешті. Тұтқиылдан тиын тосын индеттің тек кеңкөлтық қазақ емес, стек-жені жинақы ағылшын мен немісті де есенгіреткені рас. Азыуын айға білеген талай ел алғашқы екі-үш айда тығырыққа тіреліп, абырағандарымен, білектілерін емес, біліктілердің арқасында алапат кеселді ауыздықтау амылын таба білді.

Ел ерге бұрылғанда, ер жерге қарап қалған жоқ. Заманауи сынақ ендігі көш тізгінін ширенген шенеуніктердің емес, білімділердің қолына ұстату қажеттігін айнақатесіз көрсетті.

Кай сөз болмасын жер жағдай мен көші-қоныс білетін көзі ашық, кешің оқи қаймаңа жұрттың талап-тілегі мен пайым-пікірін шыға үстелетін әрі асырмай, көшіліктің бастамаларын бюрократия торымен шырмал келген бұрынғы мемлекеттік басқару моделі уақыт үлесінен шықпағаны былай тұрсын, көп жағдайда тұрғыны ұсынған пер орынды бастамаларға кесе-көлдесен ұрманы жасырып емес. Қоғам мүдкіне, қазынаға көп салып, көп салғанда мол салып келген жемқор квазикәсіпкерлер мен біліктіс басшылардың данғаға уәделер мен дүрмегі көп деректер тасығандығы былығы көп беттердесін бірінші болып Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыпырды. Бұдан бір жыл-дүбір бұрын игі-жақсыларды жинап, «өкімдер мен министрлер қарапайым халықпен байланыс орнатуды қойғанын, олардың арыз-шағымдарына дер кезінде жауап берілетінін, сондықтан тұрғындардың көшілігі қайда барарын білмей сарсаңға түскенін» атқамінерлердің бетіне басқан мемлекет басшысы ел халқына «Біз соғыс жағдайындамыз» деп ашық айтты. Рас... Өйткені, қамсыз жатқан бейбіт жұртқа тұтқиылдан жау тигенде біліктіс-білімсіз, адамның емес, атаның ұлы, параның құлы болып отырған «жауапты қадірлер» емес, тас-түйін қайратына мініп, «қасарысқан дұшпана қанды көбіш жұтқызытын» сарбаздар, жер қайсыған қалың қолды бастайтын сардарлар, қара қылды қол жарып, қаһарлы қолбасшыға жөн сілтеп, жол көрсетер данагерлер арқасында ел еділгін, егемендігін сақтап қалады. Сондықтан да болар, Президент «мемлекеттік басқаруды қайта құру», түбегейлі реформалау керектігін айтып, тапсырма берді. Осынау шұғыл шешімге біріншінен білік басына отыз жыл бойы тоғышарлардың топтауы; екіншіден Кеңес үкіметінің құрыштарынан мемлекеттік өркiм, «тіпті қазан ұстаған құл мен күң де білік алады» деген, Қазақстанда өткен ғасырдан бүліңші жылдарына дейін ел аузында жүрген теориясымағы сепкеп болды. Президент өз сөзіне сүйенсек, «масіараудан қақпана түскен министрлер де, өкімдер де аса құрлық жағдайға дейін асып алмауда». «Елімізде заң үстемдік етуі тиіс. Заң істейді билік өкілдері де, азаматтар да бірдей», деген Президент «біз қоғам алған саяси реформаларды жағастыра береміз», деп түйді. Яғни тоқетерін айтсақ, сайлау жүісінен өзгерту қажет, жергілікті өзін-өзі басқару жүісіне көшу арқылы жауапкершілік жүіні кімнеткен ел азаматтарына артып, олардың күш-жігерін болашық бағатталған жа-сампаз жоспарларға бағырлауға болды. Инновациялық аппаратқа білім, тәжірибе, ой ұшқырлығы, бағылдық жетпейді» ел келе, Президент «біге басшылардың жана бұнының төрбілеуіне керек. Елдің мүддесін ойлайтын мамандар болмаса, бастамаларымыз нәтижесіз бермейді», деп жұырды.

Енді сөз бен істің тоқайласуына тоқтайлық. Президент тапсырмасы бойынша әзірленген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, Мемлекеттік басқаруды дамытуда 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы жүрора Жарықпен бекітілді. Ұлттық даму жоспарының жобасы 12 стратегиялық бағыттан тұрады. Даму жоспары бойынша 2025 жылға қарай өсіп денгейі 5 пайызға артып, жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 35 пайызға дейін, негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі ЖІӨ-нің 30 пайызына дейін, шикізаттық емес экспорттың 2 есеге, яғни 41 миллиард тенгеге дейін, еңбек өнімділігін 45 пайызға ұлғайту негізгі көрсеткіш болмақ. Қазақстандықтардың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыру жөніндегі шаралардың нәтижесінде азаматтардың өмір сүру ұзақтығы 75 жасқа дейін ұлғаяуы тиіс. Ал оның негізгі қағидалары был орындалады екен. Маман ретінде бұл шырлар мен уәделерді әлі де тинақтау қажет екендігін айтқым келеді. Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасының жүзеге асырылуы өкімшілік бақылауға бағытталған өдістен адам мен оның игілігі басты құндылықтар саналатын мемлекет пен халықтың өзара ықпалдасуы моделіне көшуші қамтамасыз етеді. Осы модель аясында мемлекеттік аппараттардың қас-білігін жетілдіруге, оның қоғам алдындағы өсетілігін, реттеушілік саясатты ігерілету мәселелеріне, мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыруға, квазимемлекеттік секторы онтайландыруға, жергілікті басқару ісін дамытуға және жол ашылды, деп көрсетілген. Құжатта мемлекеттік басқарудың кәзіргі моделі халықтың үмітін толық қанағаттандырмай отырғаны атап өтілген. Атап айтқанда, азаматтар мен мемлекет арасындағы тиісті өзара іс-қимылдың жоқтығы, мемлекеттік аппарат функцияларының халық пен бизнестің қажеттіліктеріне бағытталмауы, мемлекеттік қызметтердің өкімшілік сипатта болуы, мемлекеттік қызметтің бөсекке кабелізілділігі, жергілікті басқарудың дамымауы қобайлау болуы. Осы орайда атылған тұжырымдаманың қағидалары «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «Айталды – орындалды» бағдарламалары арқылы кәзірдің өзінде орындалып жатқанын атап өтуіміз керек.

Ендігі міндет – мемлекетке, ел-жұртқа адал қызмет ететін жанажыр азаматтарды ізлеп табу, төрбілеу. Данашпан Абайдың «зинһар, сендерден сұрайын деп жүрген» сауалының бір парасы білік басындағы парасатты азаматтарға қатысты болса керек.

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Жаңа жобалар жүзеге асып, жұмыс орындары іске қосылды

Алматы облысында 5 трлн тенгелен астам қаражатқа жаңа жобалар мен жұмыс орындары ашылмақ. Кейбір жобалар іске асырыла бастады да. Жалпы алғанда, аймақ бойынша 5,4 трлн тенгеге 500-ден астам жобасы жүзеге асырылмақ, деп хабарлайды ІС Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

ИСА ҚАМБАР

Ақпаратқа сөйкес, жалпы өнірік өнім 2025 жылға қарай 5 трлн тенгеге құрайды. Кәзіргі уақытта облыстың инвестициялық портфельіне 5,4 трлн тенгеге 546 жоба кірген. Мәселен, өнділеу өнеркәсібінде 2021-2025 жылдары 690 млрд тенгеге 37 өндіріс пайда болады. Оларды ашу есебінен 4,5 млн жұмыс орны құрылмақ. Жобаларды іске асыруға транзиттік компаниялар қатысады.

Бұл ретте 1,9 трлн тенгеге 313 жоба іске асырудың әртүрлі сатыларында тұр. Жұмыспен 16,5 мың адам қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, АҚШ инвесторы ірі қара мал етін өнділеу өнеркәсібіне. Сонымен қатар, облыста 94,5 млрд тенгеге кең өнділеу зауыты ашылып, жел электр станциялары салынады.

Сондай-ақ өндіре 273,5 млрд тенгегенің топ-10 жобасы белгіленді. Жеті кәсіпорынның құрылысы басталып кеткен. Мәселен, Қапшағай қаласында 44,8 млрд тенгеге жылыжай кешені, Ұйғыр ауданында 42,6 млрд тенгеге құс шаруашылығы кешені салынады. Іле ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды кәле жарту және қайта өнділеу бойынша зауыт, ұсақ малды азықтандыру, сою және терең өнділеу бойынша ет комбинаты, бройлер бағытындағы құс фабрикасын салу бойынша 6,2 млрд тенгеге жобалар іске асырыла бастады.

Сонымен қатар, шикізаттық емес экспорт көлемі жыл сайын 8%-ға, өнділеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 6%-ға ұлғаяды. Ақпаратқа сөйкес, ауыл шаруашылығындағы басым дақылдардың егіс көлемін арттыру жоспарланып отыр. «13 ауданда 30 мал бордаққулау алаңы мен 22 сүт-тауар фермасын құру жоспарланған. Мұның барлығы 2025 жылға қарай ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 1,3 трлн тенгеге дейін, еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттырып, 6 млн тенгеге дейін жеткізуге мүмкіндік береді», – делінген хабарламада.

Сонымен қатар, былғы жылғы мал шаруашылығы саласында 26 млрд тенгеге 32 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. 16 бордаққулау алаңы (45,3 млн бас ІКМ, 2,5 млн бас ҰММ) және 11 сүт-тауар фермасы (3,3 млн бас) іске қосылды деп күтіледі. Болжама сөйкес, Ұйғыр ауданындағы қайта жаңғыртылған құс фабрикасы құжаттылық бойынша 60%-ға шығуы мүмкін – 17 млн тонна ет өндіріледі (2020 жылы – 5,9 млн тонна).

Бұдан басқа, Алматы облысында

СЫРТҚЫ ФАКТОР

12-26 наурыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 26 наурызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,3%-ға (418,64-дан) өсіріп, бір АҚШ доллары үшін 424,28 тенге деңгейіне қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 12-26 наурыз аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. АҚШ ФРЖ АҚШ МБК кірістілігінің өсуі реттеушінің алаңдаушылығын түгызбайтынның білдіре отырып, негізгі мөлшерлемесі 0-0,25% диапазонында сақтау туралы шешім қабылдады. ФРЖ мүшелері мөлшерлемесін 2023 жылдың соңына дейін нөлге жақын болатынын болжауда.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты.

* Мексика песосы инфляцияның



дамудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруға 3,5 трлн тенге, оның ішінде 2,3 трлн тенге бюджет қаражаты және 1,2 трлн тенге жеке қаражат жұмсалу көзделген.

2020 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 680,7 млрд тенгеге құрады. Өндіре өткен жылы 131,4 млрд тенгеге 42 жобасы іске қосылды. Бұл нысандарға 3 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды.

Бұған дейін ІС Алматы облысында 2023 жылға дейін 102,3 млрд тенгеге алты жоба жүзеге асырылатынын хабарлаған болатын. Былғы жылы 19,4 млрд тенгеге жел электр станциясын салу көзделген. Сарқан ауданында жанарғылатын энергия көзі бойынша салынатын қуаты 50 МВт болатын жобаны іске асыруға қатылдық компания қаржы саламақ. Сондай-ақ аймақта 65 млн еуроға тас, мақта өндіретін зауыттың құрылысы басталды.

Айта кетейік, өндіре миллиондаған тенгеге жылқы етін өнділетін кәсіпорын ашылмақ. Ақпаратқа сөйкес, жобаны Панфилов ауданында жүзеге асыру көзделген. Өндіре сондай-ақ зауыт салу жоспарланады. Оңтүшкі 1,5 млн ба жер бөлінді. Сонымен қатар, осы ауданда 300 млн тенгеге мал сою шехын құрып, 1 мың бас ІКМ бордаққулау алаңы салынады. 2021 жылы тағы бір бордаққулау алаңын, 110 млн тенгеге құрама жем өнділеу шехын салу жоспарла бер. Ал ірі қара мал мен ұсақ мал өсіру 107 млн тенгеге бағаланады. Сонымен қатар, 2022 жылы неміс инвестицияларымен тағы бір ет өнділеу зауыты ашылды деп күтіледі. Жобаны іске асыру \$40 млн бағаланып, кәзіргі уақытта құжаттама әзірленуде.

Бұдан басқа, Алматы облысында 1,5 млрд тенгегенің туристік жобасын жүзеге асыру мерзімі аустырылды. Батапқында 1,5 млрд тенгеге ойын-

сауық паркін салу 2019-2021 жылдары жоспарланған болатын, сонан кейін мерзім 2020-2022 жылдарға аустырылды. Сондай-ақ туристік саладағы тағы бір 400 млрд тенгегенің жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Ол 2022-2025 жылдары қолға алынбақ. Ақпаратқа сөйкес, Түрген қонақисының инфрақұрылымын салу бойынша алдына да техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу басталды. Кәзіргі уақытта жобаны іске асыру бойынша инвестор іздеу жүргізілуде.

53 ИНВЕСТЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН

Алматы облысында Алматы агломерациясы аймағында орналасқан аудандарды дамытуға бағытталған жобалар жүзілі жүргізілуде. Кәзіргі кезде агломерация аймағында 1 млн 250 мыңдай алақ тұрады, бұл – облыс халқының 60%-ы. 2016-2020 жылдары мұнда 5 млн жұмыс орнын құрған, құны 215 млрд тенгеге 53 инвестициялық жоба іске асырылды, деп хабарлайды Алматы облысы өкімшілігінің баспасөз қызметі.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінгі күні агломерация өндіре электр желісімен 100%, орталық ауыз су жұісімен 93% қамтылған, жақсы және қанағаттанарлық жолдардың үлесі 93%-ға жеткізілген. Халық санының қарқынды өсуіне байланысты әлеуметтік нысандарға деген қажеттілік те артып келеді.

Облыста жыл сайын 50 мыңға жуық бала өмірге келеді, соның басы бөлігі агломерация аймағында дүниесігін ашады. Осыған орай үш ауысымды мектептер мәселесі де өзектілігін жойған жоқ. Мәселен, соңғы 5 жылда агломерация аймағында 27 мың орынды 50 мектеп салынған, соның 46-сы үш ауысымды мектептерді болдырмау мақсатында

тұрғызылған, сол сияқты денсаулық сақтаудың 19 нысаны салынып, 32 мың орынды 420 балабақша ашылған.

Экологияны жақсарту – тағы бір маңызды бағытты бірі. Кәзіргі кезде Қарасай ауданында халықтың 99%-ы, Іле ауданында – 94,3%-ы, Талғар ауданында 89%-ы табиғи газға қосылған. Сондай-ақ көмір жағып отырған көп қабатты үйлерді газға қою жұмыстары да жүргізілуде. Кәзірдің өзінде Талғар және Қаскелең қалаларында 35 блоктық-модульді қазандық орнатылды, 152 үй жөніне 48948 пәтер орталық жылу жұісіне қосылды.

Жұмыспен қамту және барыскелі көші-қонын азайту да басты мәселелердің қатарында. Оны тиімді шешу мақсатында 2016-2020 жылдары мұнда 5 млн жұмыс орнын құрған, құны 215 млрд тенгеге 53 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Сол қатарда транзиттік компаниялардың қатысуымен «Маревен Фуд», «Wilo» және «Лукойл» компанияларының ірі зауыттары іске кірісті. Бұл жобалардың барлығы солтүстік-шығыс бағытта, сол сияқты Алматы қаласының контрагнтін және серіктес қаласы болып саналатын Қапшағайға қарай орналасқан.

Сол сияқты оя өнділетін, құаты 6 мың тонналық «Аргитек» инновациялық жобасы іске қосылды. «Бауман» компаниясы ұсақ мал етін тереңнен өнділетін «Жетісу Қой» зауытының құрылысын бастайды, оның қуаты жылына 30 мың тонна дайын өнім шығаруға жетеді. «Атас.kz» АҚ-ның ірі құс фабрикасы мен «Шин-Лайн» компаниясының балмұздақ және азық-түлік өндіретін зауытын салу туралы меморандумдарға қол қойылды. Бұл жобаларды іске асыру арқылы 208 млрд тенге инвестиция тартылып, 6 мыңнан астам жұмыс орны құрылады, деп түйіндейді баспасөз хабарламасы.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылғы 12-26 наурыз аралығында)



күрт жеделдеуіне байланысты негізгі мөлшерлемесін төмендеуі сериясын тоқтата тұрып асында 0,5%-ға (20,69-дан) 20,58-ге дейін) нығайды;

* Үнді рупиясы мұнай бағасының төмендеуі және қор нарығына капиталды өкелуінің аясында 0,4%-ға (72,79-дан 72,52-ге дейін) нығайды;

** Индонезия рупиясы 0,2%-ға (14 385-тен 14 418-ге дейін) өсірілді. ОБ АҚШ МБК кірістілігінің өсуі жағдайында айырбастау бағамын

3,2%-ға (73,27-ден 75,65-ке дейін) өсірілді. ОБ негізгі мөлшерлемесі 4,3%-ға дейін (+0,25 п.т.) көтерілді;

* Бразилия реалы инвесторлардың тәуекел сентиментінің нашарлауы аясында және мөлшерлемесін күтілгеннен 2,75%-ға (+0,75 п. т.) дейін артуына қарамастан 3,6%-ға (5,56-дан 5,76-ға дейін) өсірілді;

* Түрік лирасы ел Президентінің ОБ басшысы реттеуші мөлшерлемесін көтергеннен кейін екі күн өткен соң жұмыспен бастау туралы шешімі аясында 7,3%-ға (75,56-дан 81,1-ге дейін) өсірілді.

* Шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздердің негізінде атта сайын дайындайды;

** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылған дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

«АУЫЛ МЕКТЕБІ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауылдағы білім сапасын көтеруге жол ашатын жоба

«Powered by NIS ауыл мектебі» — ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттыруға бағытталған жоба. Жоба еліміздің төрт мектебінде: Ақмола облысының Бұланды ауданында және Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Катонқарағай аудандарында жүзеге асырылауда. «Aitas KZ» АҚ мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (НЗМ) жоба бастамашылары болып табылады.

НҮРЛАН ҚҰМАР

Қазақстанда мектептердің шамамен 75%-ы ауылдық мектептер. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, ауылдағы мектептер білім сапасы, оқу жабдықтарымен қамтамасыз етілуі жағынан қалалық мектептерден едәуір артта қалып келеді.

Жоба бастамашыларының пікірінше, қоғам, үкімет және бизнес арасындағы ынтымақтастық ауылдарды тұрақты дамыту стратегиясын жүзеге асыруға және НЗМ тәжірибесін елдегі орта білім беру мектептерінде қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан, 2020 жылдың жазында «Aitas KZ» АҚ мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» арасында жалпы бюджеті 800 миллион теңгені құрайтын ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Енді бағдарлама 3 жыл ішінде кезек-кезегінен жүзеге асырылауда.

Мәселен, бытыр — мектеп диагностикасы, информатика, робототехника, ер балаларға арналған инженерлік кабинеттер, қыздарға арналған көркем өнбек, аспаздық шеберхана, кітапхана, мұғалімдердің біліктілігін арттыру.



Биыл — биология, химия, физика, математика, география, тарих кабинеттерін жабдықтау және мұғалімдерді оқытып, тәжірибемен өткізу.

Ал келесі жылы — бастауыш, негізгі және орта мектептерге арналған кабинеттерді жабдықтау, мұғалімдерге арналған оқу және өндірістік тәжірибелер.

«Aitas KZ» АҚ бас директоры Серік Толықпаев қаланың және ауылдың білім деңгейін тенеіруге мүмкіндік беретін білім беру жобасының болашағы зор екендігін атап өтті. «Бірінші кезеңнің он нәтижелері біздің дырыс бағытта келе жатқанымызды білдіреді. Болашақта бұл бағдарламаны бүкіл Қазақстан бойынша дамыта беруді жоспарлап отырмыз, сондықтан бұл басқа кәсіпкерлерді бағдарламаны іске асыруға қатысуға шақырамыз», — делі от.

Бытырғы жылдың соңында бағдарламаға қатысушы 4 мектепте «Powered by NIS ауыл мектебі» білім беру бағдарламасының бірінші кезеңі аяқталды. Нәтижесінде 284 мұғалім НЗМ әдістемесі бойынша біліктілігін арттыру тренингінен өтті, ал 2500-ден астам мектеп оқушысы сапалы білім алуға қол жеткізді. Төрт мектептің әрқайсысы робототехника, информатика, инженерлік, сәндік-қолданбалы өнер, тамақ әзірлеуге арналған 6 жана кабинеттер және кітапханамен жабдықталды.

Тімділігін көрсеткен бірінші кезең білім беруін үлкен стратегиясына көшуге мүмкіндік берді. Оның басты мақсаты — 2026 жылдың аяғына дейін барлық 164 ауылдық жерде «Powered by NIS» мектептерін іске қосу. Бастаманы әрі қарай жүзеге асы-



ру үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен кәсіпкер-серіктестерді тарту жоспарланған. Ұзақ мерзімді бағдарламаның жалпы бюджеті шамамен 32,8 миллиард теңгені құрайды.

«Біз оқыту әдістемесі мен технологиясын, мектеп менеджменті мен жергілікті қоғамдастықпен байланысты кешенді түрде қарастырдық. Әрине, әр бағыттың өзіне тән проблемалары бар. Бірақ бірінші кезеңнің соңында менеджмент пен басқару бойынша, оқыту әдістерінде, сондай-ақ IT құзыреттілігінде кедергілерді жеңу бойынша он нәтижелерге қол жеткізілді. Сондай-ақ «Aitas KZ» АҚ-мен бірлесіп атқарған жұмыстың арқасында сыныптарды техникалық жабдықтау және мектептерді күрделі жөндеуден өткізу бойынша көптеген жұмыстар жүргізілді», — деп атап өтті «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ төрағасы Құлаш Ноғатайқызы.

«Aitas KZ» АҚ тігінен интеграцияланған холдинг болып саналады, оның құрамына өсімдік шаруашылығы, құс етін өндіру және қайта өңдеу, тарату саласындағы 15 кәсіпорын бар, соның ішінде Макинск және KuzVkus брендпен Өскемен құс фабрикалары кіреді. Бұл акционерлік қоғам «Powered by NIS ауыл мектебі» бағдарламасының бірінші кезеңін жүзеге асыруға 155 миллионнан астам теңге бөлінді.

Аталмыш холдинг 1996 жылы Өскеменде құрылды. Осы жылдар ішінде компания Қазақстанның аграрлық секторындағы көшбасшылардың бірі болып саналып, құс етін өндіру, қайта өңдеу және тарату саласындағы жетекші тігінен біріктірілген холдингке айналды. «Aitas KZ» АҚ-ның жергілікті өндірушілер арасында нарықтағы үлесі 20%, сондықтан саладағы жетекші орындардың біріне ие болды.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ӘЛЕУМЕТ

КОММУНАЛДЫҚ ШЫҒЫНДАР СУБСИДИЯЛАНАДЫ

1 миллион абонент коммуналдық шығынның субсидиялауға құқылы.

Қазақстандықтардың көбі коммуналдық шығындарды мемлекет есебінен субсидиялауға болатынын білмейді. Осы ретте Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында энергетика вице-министрі Қайрат Рахимов: «Халықтың әлеуметтік тұрғыда әлсіз топтарына тұрғын үй жанамасы бойынша шығындары жеңілдету тетігі қарастырылған. Көріп жүргеніміздей, халықтың көбі әлеуметтік қолдаудың тікелей субсидиялау деген түрі бар екенін білмейді де» — деп атап өтті.

Аталмыш қолдауға құқылы адамдар халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы немесе eGov электронды жүйесі арқылы өтініш бере алады. «Мысалы бір отбасында 4 адам болды деп. Тек біреуі ғана жұмыс істейді мүмкін. Оның айлық табысы 100 мың теңге болса, жан басына шаққанда 25 мың теңгеден келеді. Ал қазір минималды есептік көрсеткіш көлемі 34 мың теңге екенін ескерсек, бұл жаңуының жан басына шаққандағы табысы нормадан төмен деген сөз. Сондықтан бұл отбасы мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау талап етуге құқылы», — дейді ведомство өкілі.

Бұл жерде басты назар аударатын мәселе — әр өңірде коммуналдық шығын субсидиясының көлемі әртүрлі болуы мүмкін. Жергілікті мәслихаттар әлеуметтік ақпараттың тәуелсіз ең жоғары шекті бекітеді. Мысалы, Алматыда ол отбасы табысының 5 пайызынан аспауы керек. Яғни айына 100 мың теңге кіріс кіретін аймақтық отбасы коммуналдық қызметтерге айына 10 мың теңге төлеуі керек болса, оның тең жартысын мемлекет тікелей субсидиялайды.

Вице-министрдің айтуынша, елімізде осындай қолдау түрі зан бойынша 1 миллионнан астам отбасына көрсетілуі керек. Бірақ көбі мұндай субсидияның бар екенін білмейді. «2019 жылғы республика бойынша 54 мың отбасына ғана осы төлемге өтініш берген. Ал бытыр 36 мыңнан астам жоқ. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге осы мәселені қарағанбыз. Аталмыш санат бойынша әлеуметтік қолдауға құқылы абоненттердің саны 1 миллионнан аса. Біздің вице-министрлік енді осы қолдау шарасын автоматтандыру мәселесін қарап жатыр», — делі вице-министр.

▶ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ШАЛҒАЙ АУДАНДАРҒА ГАЗ ТАРТЫЛАДЫ

Алматы облысының шалғай аудандарына да газ таратылады.

Өңірде 1,2 млн адам тұратын 156 елді мекенге көгілдір отын тартылған, яғни газдандыру деңгейі — 59%. 2014-2020 жылдары облысты газдандыруға 148 млрд теңге бағытталған болса, соның 93 млрд теңгесі — жеке инвестиция, деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімінің есеп беру жимында айтылғандай, Талдықорғанда газдандырудың IV кезегі аяқталды. Бытыр газға 16 мың абонент қосылды. Қазірде Балқаш, Қаратал, Қербұлақ, Көксу, Ескелді аудандары мен Текелі қаласында кварталшілік жүйелер салынуда. «Талдықорған — Ушарал» және «Шелек — Кеген» магистралды газ құбырын салудың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып, құрылыс жұмыстарын келесі жылға дейін бастау көзделген. Осы жобада Ақсу, Сарқан, Алақөл, Райымбек, Кеген аудандары қамтылады. 2025 жылға қарай газдандыру деңгейі 76%-ке жеткізіліп, біржарым миллион адам көгілдір отынға қосылуға мүмкіндік алады.

Өңірде 2018 жылдан бастап шағын қалалардағы көп қабатты үйлері газбен жұмыс істейтін блокты-модульді қазандықтар орнату жолымен орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу жұмыстары қолға алынды. Үш жыл ішінде Талғар және Қаскелең қалаларында 4898 пәтерлік 152 үй осындай жүйеге қосылған. Есік және Жаркент қалаларын қамти отырып, бұл мәлесі 2023 жылға қарай толығымен шешіледі. Бұл халықтың өмір сапасын көтеруге, экологияны жақсартуға мүмкіндік береді.

▶ ӨНЕРКӘСІП

ШИКІЗАТ ӨНДЕЛІП, ЭКСПОРТТЫҚ ӨНІМ ҰЛҒАЯДАЙ

Елімізде 2025 жылға қарай мұнай мен газды терең өңдейтін 5 зауыт іске қосылады.

Кезекті үкімет отырысында энергетика министрі Нұрлан Ноғазев «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» саясатында бағдарламасы аясында Атырау, Орал және Шымкент қалаларында мұнай мен газды терең өңдейтін 5 зауыт іске қосылатынын айтты. Осының нәтижесінде экспортқа бағытталған мұнай-газ химия өнімдерінің өндірісі 2019 жылмен салыстырғанда 9 есеге ұлғайту көзделген.

Бүгінгі таңда 3 зауыт салынуда. «Атап айтсақ, Атырау облысында қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін зауыт, 57 мың текше метр азот және 34 мың текше метр құрғақ сығылған ауа өндіретін зауыт, Шымкент мұнай-химия зауытының ауқаты негізінде қуаты жылына 81 мың тонна полипропилен мен 57 мың тонна бензинге арналған октан арттырғыш қоспа шығаратын зауыт», — делі министр.

Бұдан басқа, 2025 жылға қарай 2 әлеуметтік жобаны — қуаты жылына 430 мың тонна құрайтын полиэтилен-терепералды өндіру зауыты мен жылдық қуаты 130 мың тонна болатын метанол зауытын іске қосу жоспарланған.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ҒЫЛЫМ: ИННОВАЦИЯ

Отандық жоғары білім беру жүйесінің нығаюына септігін тигізбек

Almaty Management University Орталық Азия мен Қазақстанда жоғары білімге деген қарқынды өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мақсатында академиялық бағдарламаларын кеңейтетіні туралы мәлімдеме жасалды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Осы бастама аясында университет Cintana Education альянсына (АКШ) қосылды. Бұл AlmaU студенттеріне әлемнің ең инновациялық жоғары оқу орындарымен серіктестіктің артықшылығын қолдануға мүмкіндік береді. Студенттер алдығы қатарлы оқу бағдарламасы мен оқыту тәжірибелерінен артықшылық алу ғана емес, сонымен қатар альянстың жетекшісі Arizona State University-нің дипломын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда соңғы 5 жылда жоғары білімге деген сұраныс тұрақты өсіп келеді. Мәселен, 2015 жылғы жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламасына 459 000 студент түссе, 2019 жылы 604 000 студент қабылданды. AlmaU саны артып келе жатқан студенттерді оқытуға мақсат еткен қатар, технология, инженерия, коммуникация, денсаулық сақтау, өнер және кино саласында жана академиялық бағдарламалар дайындау арқылы, студенттерді жылдам өзгеріп отырған әлемдік экономика жағдайына бейімдеуге дайын.

«Орталық Азия сын кезеңді басынан кешіруге: жергілікті экономикаға инвестиция жасау мен болашақ ұрпақты білім беруге стратегиялық тұрғыдан қарап әрі бағылдық таанытуымыз керек. Осы міндетті шешудің бірден-бір жолы Arizona State University сияқты білім беру,



зерттеу мен технологияда өзінің инновацияларымен әлемде кенінен танымал серіктестік табу. Бұл серіктестік Қазақстан университеттерін басқарудың озық тәжірибесін еске алады, әрі Орталық Азия аймағында бұрын-соңды болмаған жай», — дейді AlmaU президенті Асылбек Қожаметов.

Cintana Education-ге қосылу үшін AlmaU100-ден астам қазақстандық жоғары оқу орындарының арасынан іріктеліп алынды. Cintana Education — бұл әлемдік экономика жетекшіліктерін қанағаттандыру мақсатында жоғары сапалы академиялық бағдарламаларды құрастыру және көбейтумен айналысатын университеттердің ғаламдық желісі. Бұл Cintana Education мен Arizona State University арасындағы серіктестіктен туындайтын альянс. АҚШ-тың ең инновациялық университеті (US News and World

Report мәліметі бойынша) және әлемнің ең беделді университеттерінің бірі атанған (Times Higher Education мәліметі бойынша) Arizona State University-і 5 жыл аралығында студенттері санын 40% арттырған, оған қоса қоғамның әртүрлі топтарынан оқытылатын студенттер мен университетті бітірушілердің көрсеткішін жақсартқан. ASU 40 мыңнан астам студентті онлайн платформасында оқытады.

Arizona State University-нің моделін жоғары білім беру саласының әлем танымал эксперті Майка Кроу қалаған. ASU-дің моделін философиясы жоғары білім беру әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан студенттерге қол жетімділігін арттыруға және өзі қызмет көрсететін қауымдастықтың экономикалық және әлеуметтік ауылуына университеттің іргелі жауапкершілігіне негізделген.

Arizona State University мен AlmaU-ның серіктестігі отандық жоғары білім беру жүйесінің нығаюына және Қазақстан бредінің халықаралық ғылыми және академиялық ортада танымалдығының артуына ықпалын тигізетіні сөзсіз.

AlmaU, Almaty Management University — 1988 жылы негізі қаланған, ТМД елдерінің ішіндегі алғашқы жеке меншік ЖОО.

Альянс Cintana Education — әлем бойынша университеттерге білім беру сапасын арттыру, студенттер санын анағұрлым арттыруға көмек беретін ұйым. Инновациялық университеттердің ғаламдық желісіне кіретін университеттердің мақсаты — әлемдік деңгейде сапалы жоғарғы білімге деген қарқынды өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін бірге жұмыс атқару.

БИЗНЕС&АЙМАҚ



НАРЫҚ



KIA Sportage: Баға мен жабдықтың нарықтағы ең үздік арақатынасы

Елімізде жиілатын танымал KIA Sportage кроссовері жақында Қазақстан автосалонасына қайта оралды. Енді ол баға мен жабдықтың бәсекелестер арасында ең үздік арақатынасын ұсынады.

Айшықты дизайн, әмбебаптық, жоғары сапа, дәлелденген сенімділік және кез келген талам мен бюджетке сай жиынтықталымдардың мол таңдауы — осының бәрі KIA Sportage. Енді танымал кроссовер Қазақстанда 9 990 000 теңгеге Comfort арнайы нұсқасында қолжетімді. Қазір бұл — қатарластарының арасында баға мен жабдықтың арақатынасы бойынша нарықтағы ең үздік ұсыныс.

Өздеріңіз пайымдап көріңіздер — 2.0 (150 а.к.) екілімді қозғалтқышы, автоматты беріліс қорабы және алдыңғы жетегі бар Comfort нұсқасындағы жиынтықталым бөлек климат-бақылауды, алдыңғы және артқы орнықтықтардың жылытуын, рульдің жылытуын, электр жетегі бар, жылытылатын бүйірлік айналарды, алдыңғы және артқы электрлік ойнек көтергіштерді, көп функциялы рульді және балығарман капталған беріліс қорабының селекторын, радионы, RDS

және USB бар аудиожүйені, Bluetooth жүйесін, қашықтан басқарылатын орталық құлыпты, балалар орындықтарына арналған ISOFIX бекіткіштерін, алты қауіпсіздік көпшігін, DriveModeSelect қозғалыс режимін таңдау жүйесін, жылдамдықты шектеу функциясы бар круиз-бақылауды, жаңбыр датшiгiн, шиналардағы қысымды бақылау жүйесін, тұрақтандыру жүйесін, өрге қарай қозғалғанда және өрден түскенде көмек беру жүйесін, 17 дюймдік жеңіл күймалы дискілерді, LED күндізгі жүріс шамдарын, тұманға қарсы фараларды, артқы тұрақтандыру және көптеген басқа да нәрселерді қамтиды.

Бұған қоса, тікелей бәсекелес — 2.0 (150 а.к.) көлемді қозғалтқышы мен алдыңғы жетегі бар, бірақ беріліс қорабы механикалық болып табылатын ұқсас базалық жиынтықталымдағы Hyundai Tucson дилерлерде 10 390 000 теңге тұрады.

Әрине, KIA Sportage көптеген жоғары технологиялы және пайдалы опциялары, 2.4 литрлік (184 а.к.) моторы, автоматты беріліс қорабы және толық жетегі бар неғұрлым бай нұсқаларында да ұсынылады.

АЯҚДОП

Екі доп айырмасымен ұтылды



Келесі жылы Катар мемлекетінде футболдан кезекті 22-ші әлем чемпионаты өтетіні белгілі. Төртжылдық басты допаға қатысу үшін әр құрылымның үлгісі құрама командалары іріктеу ойындарын өткізіп жатыр. Мәселен, Оңтүстік Америка (КОНМЕБОЛ) құрылымындағы құрамалар електік ойындарын 2019 жылдың жазында бастап кетсе, ал Еуропа (УЕФА) командаларының іріктеу турнирлері жақында ғана басталды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Төртінші топ, яғни «D» тобына түскен Қазақстан құрамасының қарсыластары Франция, Украина, Финляндия, Босния және Герцоговина. Алдымен өз алаңында аузы қарсылас құрамына қабылдаған Қазақстан құрамасы алғашқы

тура жеңіліспен бастады. Нұр-Сұлтандағы «Астана Арена» стадионында өткен матчта «Үш жолақтылар» бірден допты өз иеліктеріне алып жиі шабуылдаумен көзге түсті. Ойынның 20-шы минутында каталондық «Барселона» командасында өнер көрсететін жартылай қорғаушы Усман Дембеле есеп ашып кетті. Бірінші тайм аяғына дейін алан иелері Уго Льорис қорғаған қақпа маңына жақындап, шабуыл ұйымдастырмаса да, қорғаныста сауатты ойнай білді. Тек, үзіліс алдында ғана бұрыштан гол жіберіп алды. Өз алаңында Польша Погба ны түсп ұстаймын деген Сергей Малин, абайсызда Александр Моксин қорғаған қақпаға гол соғып алды.

Айта кету керек, ФИФА жариялаған соңғы рейтингте Франция екінші орында тұр. Ал Қазақстан құрамасы 122-орында келеді.

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

Семейде Абай атындағы мешіт ашылды

Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысының Семей өңірінде 113 мешіт бар. Төрт жүз мыңға жуық халық тұратын Семей қаласында 13 мешіт бой көтерген. Оның екеуі биыл Наурыз мерекесінде ғана ашылды.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Таяуда Ұлыстың ұлы күні Семей қаласында Абай атындағы жаңа мешіттің ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатына ҚР Бас мүфтіі Наурызбай қажы Тағанұлы, дін өкілдері мен қала басшылығы қатысты. «Бүгінгі шара Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келіп отыр. Семейліктер үшін бұл үлкен қуаныш. Мешіт құрылысы ұзаққа созылып, біраз уақытқа тоқтатылды. Дулат Тастекеевтің арқасында құрылыс қайта жанданып, бүгін оның ашылуын атап өтудеміз. Баршаның да Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын», — деді ҚР Бас мүфтіі Наурызбай қажы



Тағанұлы. Қала әкімі Нұрымбет Сақтағанов құрылысқа атсалысқан барлық жандарға алғысын білдірді. Тұсауыкер рәсіміне еліміздің әр өңірінен келген өнер, әдебиет, мәдениет мейрамдары ақжарма тілегін жеткізді. Игі шарада сөз алған Асанәлі Әшімов, Мұхтар Шаханов, Жүрсін Ерман қатар келген қос тоймен құттықтады.

Кәсіпкер Дулат Тастекеевтің айтуынша, құрылысты өткен жылдың тамызы айында Абайдың 175 жылдығына орай аяқтау жоспарланған еді. «Ақ күрек жел ескен, күн мен түн тенеңсен нағыз

кұрады. 2010 жылы «Қазакмыс» корпорациясы 100 миллион теңге бөліп, жобаны аяқтамақ болды. Бірақ бұл корпорация да құрылысты аяқтай алмады. Ал 2018 жылы құрылысты аяқтауды Тарбағатай ауданының тұрғыны, кәсіпкер Дулат Тастекеев өз мойнына алды. Оның жеке қаражатына жұмыстар қайта жалғасып, көптен күткен Семейдегі ең үлкен діни ғимарат бой көтерді.

Аталмыш мешітте бір мезетте 2500 адам намаз оқи алады. Ғимараттың ішінде діни жоралғыларды өткізуге арналған кең бөлмелер қарастырылған. Мешітті салуға 600 миллион теңгеге жуық қаржы кеткен. Қазір мешіт ғимаратына жақын орналасқан 47 мың шаршы метр аумақ абаттандырылып, екі биік жер үсті көпірі салынуда. Бұл адамдар көп болатын аймаққа жолдан еркін өтуге мүмкіндік береді. 500 көлікке арналған тұрақ қарастырылып, 200 шам орнатылды. Атқын жалатылған мұнаралардың биіктігі 37 метр. Түркістан облысы Абайдың 175 жылдығына орай іс-шаралар аясында мешіт аумағын абаттандыруды қолға алды.

Осылайша Абайдың 175 жылдығына арналып, Тастекеевтер әулетінің қолдауымен, «Assyltas» қоғамдық қорының демеушілігімен халық игілігіне берілген «Абай Құнанбайұлы» мешіті қаладағы ең сәулетті нысанға айналды.

Шығыс Қазақстан облысында бірлігі мен берекесі көпке үлгі болған Ақтамберділі бабаның, Шәкірдей дананың елі Құндызды жерінде «Байтөлек» қажы атындағы жаңа мешіт ел игілігіне берілді.

Сонымен қатар таяуда Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылында 300 орындық «Құнанбай қажы» мешіті ашылды. Аудан орталығындағы мешіт көптен бері тозыңқырап тұрған еді. Жаңа ғимарат болса деген жамағат тілегі ысты қабыл болып, бұл игі істі қолға алуға бел буған. Басаяғы бір жылдың ішінде енеселі ғибадат үйі бой көтерді. Мешіттің жалпы аумағы — 400 шаршы метр, мұнараларының биіктігі 14 метр. Жамағат үшін қолайлы жағдай жасалып, аулас түгел абаттандырылған. «Туған жер» бағдарламасы арқылы жүзеге асқан бұл жобаға кәсіпкерлер 130 миллион теңгеріні жұмсапты.

ТУҒАН ЖЕР

Шұбайқызыл шоқысы — Түркістан облысының Тұлқабас ауданында орналасқан. Бұл жерде көктемде «Қазақстанның Қызыл кітабына» енген Грейді қызғалдағы гүлдейді.

Ғасыр бойы «Қызыл төбешік» деп аталып келген жерге қарымды қаламгер Марғабат Байтұттық бастамасымен «Шұбайқызыл шоқысы» атауы қайта берілген болатын. 1977 жылдан бері бұл жер мемлекеттік құрамындағы аймақ болып саналады.

Қызғалдақтың ең әдемілері Алауа мен Қаратаудың қаршыңа жері — Тұлқабас ауданының Ақсу-Жабағылысында және Шұбайқызыл деп аталатын төбесі жоқ төбесі өседі. Жыл сайын осы жерде қазық баласының жаңғыры, гүлді патшасы саналатын қызғалдақты дәріптеуге арналған «Қызғалдақ фестивалі» өтеді. Шұбайқызыл шоқысындағы фестивалде Шырайылым — Шұбайқызылым» атты

ШҰБАЙҚЫЗЫЛ ШОҚЫСЫ



байқу ұйымдастырылып тұрады. Грейді қызғалдағы Түркістан облысының Қазығұрт, Төбешік, Байдібек аудандарының таулы

аумақтарында кездеседі. Ең көп өсетін жері — Шұбайқызылда. Жылына бір рет небәрі 10-15 күн ғана гүлдейтін қызғалдақтар 15-20 гектардай алаңаты қызыл

Суретті түсірген Д.Балабақылы

кілемге орайды. Шұбайқызыл шоқысына шығай қарасаң, «Түркібасы» шоқысы мен алыстан Ақсу-Жабағылы қорығының қарлы шыңдары көрінеді.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖАУАПҚАЛДЫ АКТЕРЛІК СЕРВИСІ

TENGE MONITOR
Бас редактор: Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары: Жұмарт ҚАЛЫ

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР, Гүлмира МЕРАЛИНА
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері: Ақтөбе облысында: Жанғабай Қабақбаев 8 771 769-63-22

АҚПАДАСТАР АЛҚАСЫ: АЛШАНОВ Рахман, ӘБДИМАННОВ Саркынғали, БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай, ЕСПОЛТОВ Тілектес, КАЛИЕВ Ғани

Татырсып: 1512. Таралымы: 5000. Газет атысына 1 рет шығады. Газет «Дәуір» РТБК ЖШС-да басылады. Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. Тел.: 273-50-53.

МЕМЕН ЖАЙЫЛЫ: 050013, Алматы қаласы, Жетісаян көшесі, 175. 4-қабаты. 403-Бөне (Телерай) тел.: 272-87-04. 404-Бөне (Бас редактор) тел.: 267-36-34 факс: 272-86-11